

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Алматинская область**

|                           |    |
|---------------------------|----|
| Абдраимова Сабира .....   | 2  |
| Абишева Айсұлу .....      | 5  |
| Алиханова Ассоль .....    | 8  |
| Алмас Үкілай .....        | 11 |
| Алтайбек Айдана .....     | 13 |
| Амангелді Елнар .....     | 15 |
| Әбіл Эльмира .....        | 18 |
| Әділжанқызы Сұлушаш ..... | 21 |
| Базарбай Нұрила .....     | 23 |
| Бекен Нұрасыл .....       | 26 |
| Бекетқалиқызы Сезім ..... | 27 |
| Берікболқызы Аиша .....   | 30 |
| Болат Балғын .....        | 32 |
| Диас Ақерке .....         | 35 |
| Естай Айсұлу .....        | 40 |
| Жүнісова Зарина .....     | 41 |
| Исаева Құралай .....      | 43 |
| Қайдарова Жансая .....    | 47 |
| Қазан Нарбол .....        | 48 |
| Капсалямпов Ерасыл .....  | 49 |
| Қожабек Аяна .....        | 52 |
| Құрманғали Назерке .....  | 54 |
| Лазгиева Милана .....     | 56 |
| Нүсіпжанова Ажар .....    | 59 |
| Сағынғали Нұрай .....     | 61 |
| Садықова Айнұр .....      | 65 |
| Сәкен Еркін .....         | 68 |
| Светхоалық Еркежан .....  | 70 |
| Серікбай Арнұр .....      | 73 |
| Темірғали Айдана .....    | 75 |
| Түлендинова Айжан .....   | 77 |

**Абдраимова Сабира**

9 сынып, Н.Әлімқұлов атындағы орта мектеп  
Қарасай ауданы Қаскелең қаласы  
Жетекшісі: Атаниязова А.Қ.

### **Ермек елдік бастауы**

Ермекке толып өткені,  
Ұмытылмай тұрды ел ісі,  
Соғыстың соңғы көктемі,  
Солдаттың асқақ жеңісі.  
Ғабиден Қожахмет

Соғыс – атауы құлаққа жағымсыз, тіршілікті қан жылытатын, қасіретке толы сөз. Осыдан 71 жыл бұрын жер бетін шарпыған сол сұрапыл Ұлы Отан соғысы еді. Неміс фашистерінің аңсап келген арманына төрт жыл ішінде батырларымыз қажымас ерліктерімен тосқауыл берді. Фашистердің мақсаты жер бетін отарлап билік құру еді. Германия, Италия секілді елдер бүкіл әлемді өздеріне қаратпақ болды. Тынышымен өмір кешкелі жүрген халықтың берекетін алған фашистердің жоспары іске аспай, өздері сол соғыстың зардабын тартты. Бұл соғысқа 61 мемлекет жан-жақты ат салысты. Р.Қошқарбаев атамyzдың ерлігі тарихта өз ізін қалдырды. Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Т.Бигельдинов, М.Ғабдуллин секілді батырларымыздың ерлігі арқасында қазіргі тату өмірімізге бейбіт заманымызға, қуанышты күнімізге жеттік.

Еуропа елдерінде қарсыласу қозғалысына қатысушы қазақстандықтар фашистерге және оларды қолдайтыдарға қарсы күресте батырлық пен ерлік көрсетті. Грекия жерінде фашистерге қарсы күресте алматылық Петр Гев, француз қарсыласу қозғалысы сапында Дәулет Қаражұмынның батырлығы мен аты шықты. Қазақстандық 23 жауынгер италияндық қарсыласу қозғалысы құрамында Қарағандыдан Тәкіш Әлпейісов, Қызылордадан Қалданбек Дүйсенбеков, Ақтөбеден Жаймақ Көшіков, Целиноград облысынан Ниолай Дрожаков және Топай Сәдуақасов жаумен қасық қаны қалғанша шайқасты. Ал Б. Момышұлы аға-лейтенант шенінде баталионды басқарып, Мәскеу түбіндегі шайқастарда өз құрамасын жау қоршауынан 3 рет алып шықты. Соғысты Б. Момышұлы полквник шенінде аяқтады. Әуеде от жалынға оранып бара жатқан бомбалаушы ұшағын жау танкісі колоннасы үстіне шүйілітіп, жандарын пидә еткен қазақтың баһадүр ұшқышы Бақтыораз Бейсембайевқа Ресей Федерациясының батыры атағын берді. Ал Рейхстагқа тікелей шабуыл жасап, оған жеңіс туын тіккендердің қатарында Р. Қошқарбаев, капитан Б. В. Чупрета, минометші А.Бақтыгеров, пулеметші А.Е. Вицко, байланысшы К. М. Волочаевтар болды. Қазақстандықтар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ленинградты қорғауға Сталинград, Курск доғасындағы шайқастарға Днепрден өту мен Украина, Беллоруссия, Молдова мен Балтық елдерін еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету шайқастарына қатысты. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске Қазақстанның мәдени қызметкерлері де үлкен үлес қосты. Ғылым мен өнер адамдарының шығармашылық еңбегі майдандағы кеңестік әскердің ерлігімен, жұмысшылар мен колхозшылардың тылдағы даңқты істерімен қатар Ұлы Отан соғысының ерлік тарихына өзіндік жарқые із қалдырды. Олардың негізгі тақырыбы – патриотизм, Отанды қорғауға арналады. Бірқатар жазушылар мен ақындар қолына қалам алып, Отан қорғауға соғысқа аттанды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап, 90-ға жуық ақындар мен жазушылар майданға кетті. Олар майдандос жауынгерлерге батырлықтың үлгісін көрсетіп, оларды өздерінің шығармаларымен жауға қарсы соғысқа рухтандырды. «Өмір сүргім келеді» деп шырылдаған 28 жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегімен батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке ие болды. Жауынгер қаламынан шыққан жалынды үш жерлестерінің жолын тебіреніп отты жылдар өз ролін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды. «Біз кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік !» деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген.

Сол майдандарда біздің аруларымыз да талай қиындықты басынан кешті. Қолдан келместей көрінгенмен, сол кездері нәзік жанды әйелдер кез – келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашан да жауынгерлер мен сапта тұрды. Тіпті, осы қыздардың болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш – қуат берді. Аяулы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп Алматыдағы Медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймады. Сол сенімді мергендігімен талай жауды құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес әскерлері 1418 күн түн бойына шапқасып, жеңіске қол жеткізіпті. Сонау Жер-Ананы өрт шарпыған соғыс жылдарында елі мен жерін, ұрпағының болашағын қорғаған, Отанға бейбіт өмірді тарту еткен, қан майданда от кешкен ержүрек жауынгерлер, бүгінгі ақсақалды ардагерлер мен ақ жаулықты аналар әрқашан жоғары құрметке лайық.

Қазақ елі осындай сұрапыл жылдарда да қонақжай, адал ниетті, ақ көңіл, адами қасиеттерін жоғалтпады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүрекпен бауыр басты. Мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекет. Осылайша соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлысымен көрінді.

Абишева Айсұлу

11 сынып, №1 мектеп-гимназия,

Сарқан қ.

Жетекшісі: Қажиева А.М.

### Ұмытылмас Ұлы Жеңіс

1945 жылы 8 мамырда Германия өзінің жеңілгенін мойындады, Ұлы Отан соғысы осылайша Кеңестер Одағының жеңісімен аяқталды. Бұл жеңіс КСРО құрамындағы барлық елдер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін Ұлы Жеңіс еді. Бүгінде біз осы Ұлы Жеңістің 71 жылдығын атап өтудеміз.

Соғыстың тарихына тоқталатын болсақ: Германия байлығы мол, жері кең, ең керекті әрі пайдалы кен байлықтардың бәрін қойнауында сақтаған, алып держава Кеңестер Одағының жеріне көз тікті. Герман әскерлері КСРО аумағына басып кіргеннен-ақ, жерін қорғау үшін кеңес адамдары өз еріктерімен соғысқа аттанып жатты. Олардың арасында қазақстандықтардың үлесі де аз емес еді. Майданға Қызыл Армия қатарына бір миллион екі жүз мың жерлестеріміз қабылданды. Бұл сұрапыл соғыс әсер етпеген бірде-бір шаңырақ болмады. Әр үйден кем дегенде екі адам әскер қатарына алынды. Ұлдарының, әкелерінің, аға-бауырларының не өлі, не тірі оралатынын білмей үйлерінде қалған әйелдер мен аналардың әр күні қорқынышпен өтті. Ал, отбасында соғысқа баратын ерлері жоқ нәзік жандылар да Отанын қорғауға аттанды. Олар қолдарына қару алып, тіпті танк, ұшақ сияқты ауыр техникаларды да басқарған.

Осындай ержүрек нәзік жанды Қаһарман атағына ие болған апамыз Хиуаз Доспанова. Тұңғыш ұшқыш әйел, қазақ қызының әуеде ұшақты басқарып жүріп жасаған ерліктері соғыс жылдары барлық КСРО-ға белгілі еді. Әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанған Хиуаз Доспанова ол кезде 20 жаста еді. Осындай жасында әуе техникасын жетік меңгерген ол, түнгі мезгілде жау шептеріне әуеден шабуыл жасаған. Ол штурман еді. Авиацияда штурманның атқаратын жұмысы өте маңызды. Кез-келген оқыс жағдайға дайын болып, әуедегі шайқаста ұшақты ішіндегі жауынгерлерімен қоса аман алып шығу керек болды. Осы міндетті абыроймен атқарған батыр апамыз көптеген жоғары марапаттарға ие болған. Еліне деген сүйіспеншілігі, бойындағы намыс пен күш-жігерінің арқасында «Гвардиялық» деген атақ алды. Соңынан «Тамань», «Қызыл Ту», «Суворов» ордендерінің иегері атанды. Әуедегі ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен қазақтың ұшқыш қызы Хиуаз Доспанова «Халық Қаһарманы» деген атақтың иесі.

Бұл атаққа ие болған қазақ батырлары аз емес. Олар соғыстың алғашқы күнінен бастап барлық майданда шайқасты. Батыстағы қалаларды гитлерлік басқыншылардан азат еткен ержүрек ұл-қыздарымыздың ерлігі ел есінде. Олар: Мәскеуді қорғаған генерал-майор Панфилов басқарған, аңызға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

айналған 316-атқыштар дивизиясы. Ерліктің ерекше үлгісін танытқан Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, Т. Тоқтаров Кеңестер Одағының батырлары атанды. Ленинград түбінде шайқас жүргізген әскердің 30%-дан астамы біздің елдің азаматтары болды. Олар ерекше ерлігімен көзге түсті. Солардың бірі кеудесін оққа тосқан ержүрек ер Сұлтан Баймағамбетов еді. Оған қоса: Д. Шыныбеков, С. Жылқышев, Г.П. Зубковтардың есімдері бүкіл Кеңестер еліне танымал еді. Қазақстандықтар көзге түскен тағы бір шайқас Сталинград үшін болды. Осы соғыста жаудың әскери базасына өз ұшағын құлатып, ерлікпен елі үшін мерт болған Нүркен Әбдіров батыр атанды.

Осыдан өзге қазақстандықтар Украина, Белорусия, Молдавия, Балтық жағалауларындағы елдерді азат ету мақсатымен көзге түскен. Осылайша біздің жауынгерлер Кеңес Одағының түпкір-түпкірінде жан аямай, соғысып жатты. Халқының үміті, елінің бостандығы қымбат болған жауынгерлердің патриоттық рухы соғыстағы ең басты қару болды. Қардай бораған оқтың ортасында жүріп, өз елі үшін жанын қиып, адам айтса сенгісіз ерліктерге барған. Бірі кеудесін оққа тосса, бірі жауды жою үшін ұшағын құлатқан, бұл ерліктердің астарында Отанына деген шексіз махаббат бар.

Суыққа да, ыстыққа да, шөлге де, аштыққа да қарамай күндіз-түні өліммен арпалысқан әр жауынгер «Халық Қаһарманы» деп аталуына лайықты.

Әр жауынгер соғыстың жеңіспен аяқталуына теңдесі жоқ үлес қосып, жаумен шайқасып жатыр. Ал, дәл сол кезде соғысқа кетпеген халық бос жүрмеді: Олар да жеңіске біршама үлесін тигізді. Себебі олар майданды қару-жарақпен, азық-түлікпен, киімдермен, және техникамен қамтамасыз ету үшін көп еңбектенді. Қазақстан аумағында барлық шикізат көзі болғандықтан, біздің еліміз негізгі өнеркәсіп орталығы болды. Жер қойнауында жатқан табиғи байлықтарымыз кеңінен игеріле бастады. Зауыттар мен фабрикалар іске қосылып, өте қарқынды өнім өндірді. Ер адамдардың көбі соғысқа кеткендіктен, жұмыс күші әйелдерге түсті. Әйелдер барлық саланы қолға алды. Ешкім де бейбітшілік жолында аянып қалмады. Бұл да ерліктің бір көрінісі. Осындай қажырлы еңбектің арқасында КСРО соғыста барлық жағынан алдыда болды.

Жеңіске қол жеткізуге үлесін тигізген әр адамның есімі ардақты, ерліктері үлгі, өмірлері өнеге болып қала бермек.

Сол қанды, қатігез жылдар бүгінгі тыныш өмірдің айнасы. Отан үшін өткен шайқастың жеңіспен бітуі, бізден басқа қаншама елдің қуанышы. Жеңіс күнін қазір де бізден басқа 14 мемлекет атап өтеді. Бұл айтулы күн қарсаңында осы әрбір елде кең көлемдегі әскери парадтар өтеді. Онда соғысқа қолданылған әскери техникалар көрсетіліп, әскерилер саптық адыммен жүріп, соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетеді. Халқымыз соғыста ерлікпен көз жұмған Қаһарман ұл-қыздарын еске алады. Бұл батырлар мәңгілік ел есінде. Қазіргі күні Ұлы Отан соғысында ерекше ерлігімен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

танылған Халық Қаһармандарының есімдері берілген әскери оқу орындары, көшелер, мектептер мен аудандар бар. Олардың есімдері әрқашан мақтанышпен аталады, себебі бұл батырлар біздің аспанымызды ашық етіп, тыныштық орнатты



Алиханова Ассоль

3 сынып, В.Г.Белинский атындағы орта мектеп  
Сынып жетекшісі: Мамбетова К.А.

### Ұлы Отан соғысы 1941-1945 жж.

1941 жылы 22 маусымда Фашистік Германия соғыс жарияламастан жасалған келісімді бұзып, КСРО аумағына басып кірді. Ұлы Отан соғысы осылай басталды. Гитлерлік Германия осыған дейін Еуропаның көптеген мемлекеттерін басып алған болатын. И. В. Сталин халыққа 1941 жылдың 3 шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Әскери міндеттілерді әскерге алу өте қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Сондай-ақ қазақ жеріне көптеген батыр аталарымыз, апаларымыз, ағаларымыз майданға аттанды. Олардың ішінде аты шыққан батырларымыз Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова тағыда басқа көптеген батырларымыз бар. Елге оралмаған көптеген боздақтарымыз Совет жерінде братский кейбірлерінде жатыр.

Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізді. 1942 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрамалар құрылды. Фашистермен шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы атты әскер дивизиялары, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадалары, 209- Зайсан, 219-минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші, 992-ші авиациялық полктар даңққа бөленді. Көрсеткен ерліктері үшін 316-дивизия 8-гвардиялық дивизия, 328-дивизия 30-гвардиялық дивизия болып, 75-теңіз бригадасы 27-гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автокөлік, 1,5 мың шынжыр табан трактор, 110,4 мың жылқы мен 16,2 мың арба жіберілді.

Қазақстанда құрылған әскери құрамалардан алғашқылардың бірі болып 312-атқыштар дивизиясы (командирі — полковник А. Ф. Наумов, кейіннен генерал-майор) айқасқа кірісті. 312-дивизиямен бір мезгілде дерлік, солтүстік-батыс бағыттағы майданда Қазақстанда құрылған, генерал-майор И. В. Панфилов басқарған 316-дивизия езінің жауынгерлік жолын бастады. Панфиловшылар Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен Мәскеуді қорғау



шебіндегі 30 километрлік бөлікке орналасты. Панфиловшылар жаумен күші тең болмаса да 50 жау танкісімен болған шайқаста жеңіп шықты.

Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты. Украинаның партизандық құрамалары менотрядтарында (толық емес деректер бойынша) 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ шайқасты. Смоленск облысындағы 15 партизан бригадалары, мен отрядтарында 270 қазақстандық ұрыстарға қатысты. Белоруссияның әр түрлі аймақтарында әрекет еткен 65 партизан бригадалары мен отрядтарының құрамында 1500-ден аса қазақстандық болды. Соғыс жылдары партизан қозғалысына қатынасқан қазақстандықтардың саны 3,5 мыңға жетті. Партизандық қозғалыстың Ғалым Ахмедияров, Ғалым Омаров, Нұрым Садықов, Қасым Қайсенов, Нұрым Сыздықов, Әди Шәріпов, Тәжіғали Жангелдин т. б. батырларының есімі көпке танылды. Халық кекшілдерінің қатарында қазақстандық әйелдер — Нұрғаным Байсейітова, Тұрғаш Жұмабаева, Жамал Ақәділова т. б. аянбай шайқасты.

27 млн астам адамдары соғыста қаза болды. Оның 603 мыңы (400 мың) қазақстандықтар. Елге оралмаған көптеген боздақтарымыз Совет жерінде братский қабірлерінде жатыр.

Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақтар берілді. Олардың бесеуі — бір орденмен, төртеуі — екі орденмен, екеуі үш орденмен марапатталды. 5 дивизия (олардың ішінде Кеңес Одағының Батыры И. В. Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия да бар) гвардиялық дивизияларға айналды. Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдармен марапатталды, 497 қазақстандық Кеңестер Одағының Батыры атанды.

Неміс әскері 1943 жылға шейін жеңіске жетіп Мәскеу түбіне дейін келді. Мәскеу түбінде қаң майданда неміс әскеріне төтеп берген 28 Панфиловшылар соңғы адамы қалғанша соғысып, немістердің жолын бөгеген. Немістер олардан өтіп Мәскеуге кірмек болғанда, олардың алдынан Бауыржан Момыш-ұлы бастаған отряд немістерге қатты тойтарыс беріп, Совет одағы бірінші рет жеңіске жетеді.

1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды.

1945 жылғы 8 мамыр-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды.

1945 жылғы 9 мамыр-Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.

Бұл жеңісті жеңіске жеткізен батыр бабаларымызды біз мәнгі есте сақтаймыз. Оларды біз мақтан тұтамыз, олардан үлгі аламыз. Әр жылы 9 мамыр күні біз Жеңіс күнін тойлаймыз. Биыл біз Жеңістің 71 жылдығын тойлаймыз. Ал неміс жерінде 9 мамыр күні қаралы күні болады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қазір біздің Неміс халқымен қарым-қатынасымыз жақсы.

Алмас Үкілай

8 сынып, М.Ғабдуллин атындағы орта мектеп

Қарасай ауд, Абай ауылы

Жетекшісі: Мансурова А.А.

### Менің елімнің жеңісі

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Осы жеңіске жету үшін қаншама аға-әпкелеріміз соғыста ерлік көрсетті, қан төкті. Өздерінің ұрпақтарының еркіндікте, бейбітшілікте өмір сүруі үшін жанын салды. Қан майданда жан аямай соғысты. Қаншама қиыншылықтарды бастарынан өткерді. Сондықтан, біз оларға үлкен құрметпен қарауымыз керек. Біздің осындай бейбітшілікте өмір сүріп жатқанымыз, еш соғыссыз өтіп жатқан күніміз, бәрі-бәрі қазақтың батыр ұлдарының арқасы.

Ұлы Отан соғысының басталғанына да 75 жыл да болды. 22 маусым-барлық посткеңестік елдердің тарихындағы ең қайғылы күннің бірі. Осыдан 75 жыл бұрын, 22 маусым күні таң ата бастағанда фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың осы жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінен соғысқа қатысуға ерікті жандар алынды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең үлкен соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды.

Елімізде Ұлы Отан соғысында аса ерлік көрсеткен адамдардың, және қатысқан қазақ ерлерінің ескерткіштері қойылды. Бүгінде еліміздің түрлі қалаларының орталықтарынан батырларымыздың ескерткіштерін көруге болады. 22 маусым күні ескерткіштерге гүл шоқтары қойылып, осы күнді еске алады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Біздің ата-бабаларымыздың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттың қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі болып табылады. Жеңіс күні –біздің абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Ата-бабаларымыздың табандылығы мен ерлігі, Отанға деген сүйіспеншілігі, қатал соғыста жеңіске жеткізді.

Сол бір жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтаннышын дәлелдеді. 500-ден астам жерлестеріміз, соның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқа батырлар...

Ер-есімі ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін соңғы демі қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың сүйіспеншілігі, отаншылдық қасиеті. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны анық, және мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, көк туымызды биік ұстап, Отан үшін от кешкендерді жүрек түкпірімізде ұстаймыз.

Мен өз елімді ерекше мақтан тұтамын. Батыр, жаужүрек аға-әпкелеріміздің болғанына қуанамын. Елімнің жеңісіне, бейбітшілікте қиналмай өмір сүріп жатқанымызға мақтанышпен қараймын. Олар біз үшін жанын қиды. Сондықтан, бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Алтайбек Айдана

2-сынып, Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп-гимназиясы  
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы  
Жетекшісі: Сансызбаева К.А

## Жеңіс үні

Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ . Әрбір көктем бізді ойша сонау ұмытылмас, әрі көптен күткен 1945 жылдың 9 мамырына қайта оралтады . Неге жарты ғасырдан асса да сол сұрапыл соғыс зардаптары халық санасында сақталуда? Иә, соғыста қираған қалалар мен ауылдар әлдеқашан қалпына келтірілді. Бірақ соғыс салған жара әлі жазылған жоқ . Соғыс кезінде жақын жандарынан айырылмаған жанұя жоқ шығар, сірә ! Сол бір қаралы жылдары 27 млн. кеңес адамы құрбан болғаны әркімге аян .

Жеңіс...  
Жеңіс таңы атты бүгін,  
Тойладық біз шаттық үнін.  
9-мамыр Жеңіс күн деп,  
Лүпіл қақты жүректерім.  
5 жыл бойы еш аянбай жанын беріп соғысты,  
Әр күн үшін адамдардың қабырғасы қайысты.  
Мүгедек боп қалды қанша қыршын біздің боздақтар,  
Жеңіс үшін тағдырлары талай жолға тоғысты.  
Соғыс жалмап, аға, іні, бауырды,  
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.  
Бірақ біздер өздеріңнің арқанда,  
Көрген жоқпыз сол бір қырғын дауылды.  
Жалғызынан айырыпты ананы,  
Әкесінен айырыпты баланы.  
Бірақ біздер өздеріңнің арқанда,  
Көрген жоқпыз қайғы жұтқан даланы.  
Қан майданда шығарып сап ардағын,  
Қыз – келіншек түсірмепті салмағын.  
Көрген жоқпыз өдеріңнің арқанда,  
Сай-сүйектің сырқыраған зардабын .  
Әлия, Мәншүк ерліктерін қашанда,  
Әрбір адам сақтап жүр ғой жадында.  
Елі үшін ерен еңбек жасаған,  
«Ғасыр адамы» деп Бауыржанды тануда.  
Берлиндегі рейхстагтың үстінде,  
Жеңіс туын желбіретті кезінде.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қаһарман жауынгерлер қанымен,  
Тыныш өмір күн кешуде бүгінде.  
Қаратүнек фашизмді аямай,  
Батырларым жанын берді аянбай.  
Жүрейікші қаза тапқан боздақтардың ,  
Еңбектерін осы күні бағалай.  
Ерліктердің шежіресі ұлағат,  
Бүгінгі күн бізге болды мұрағат.  
Ей, адамзат теріс жолды таңдамай,  
Осы күнге қылайықшы қанағат.  
71 жыл толды бүгін Жеңіске,  
Тарихымды шығара алмас теріске.  
Өжет, қайсар ата-баба рухына,  
Тағзым жаса ұрпақтары тегінде.  
Мезгілсіз өлген ардагер ұлдар айбынды,  
Желбіре тулар, толықсып тұрса май гүлі  
Қуану керек , қуану керек десек те ...  
Ұмыту қиын , ұмыту қиын қайғыны.  
Тәуелсіздік таңы атты бүгінде,  
Жеңіс туы желбіреші көгімде.  
Ата-баба бір өзіңе мың алғыс,  
Есімдерің сақталады төрімде.  
Қуанышқа толып жатыр кеудеміз,  
Болашаққа зор үмітпен келеміз.  
Жаратушы Алла өзің сақтай көр,  
Жақсылықтан үзілмесін еліміз.

**Амангелді Елнар**

9 сынып, Қ.И.Сәтбаев атындағы ОМГ

Ақсу ауданы

Жетекшісі: Заманова А.Б.

## **Тарихи Ұлы Жеңіс**

Менің атам Айтбаев Амантай қазіргі таңда зейнеткерлікте, еңбек ардагері, кезінде жас жеткіншек ұрпаққа әскери даярлық пәнінен ұстаздық еткен ұлағатты ұстаз, парасатты педагог болған. Атам маған туған жеріміздің тарихына байланысты көптеген тарихи әңгімелер айтады. Кей кездері Қазақстан тарихына байланысты да сұрақтар қойғанымда, терең ойлана отырып, пайымдап жауап береді. Міне, биыл да тарихымызда болып өткен Ұлы Отан соғысының басталғанына 75 жыл, аяқталғанына 71 жыл толыпты. Менің шығарма жазуыма себеп болған атамның әңгімесі осылай басталған еді:

«Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған Москва! Диктордың үні салмақты, әрі сұсты шықты. Күллі әлем құлақ түріп, қалт тына қалды. Сәл үнсіздіктен соң диктор сөзін қайта жалғады.

Соғыс басталды. Неміс фашистері Кеңес Одағының шекарасына опасыздықпен басып кірді. Бұл 1941 жылғы маусым айының 22-сі еді. Еуропаның тең жарымнан астам елін қанды табанмен таптап, дандайсып, қаруланған неміс фашистер армиясы біздің елімізге тұтқиылдан баса-көктеп, кіріп кетті. Сол бойда олар таңғы тәтті ұйқы құшағынан оянып үлгермеген шекаралық елді мекендерді бомбалап, оқтың астына алды. Фашистер шабуылдың алғашқы сәтінде-ақ қалалар мен селоларды аяусыз қиратып, өртеп, бүлдіріп, жазықсыз адамдарды қатыгездікпен азаптап, ішке қарай сұғынып кіре берді.

Дүние жүзінде тұңғыш Социалистік ел атанып, бостандық алған Отанымыздың тағдыры қыл үстінде тұрды. Ер азаматтарымыз амалсыз қолдарына қару алып, туған елін қасық қаны қалғанша жаудан қорғауға бекем бел буды. Өйткені, елдің – елдігін, жарқын болашақтың тағдырын шешер сындарлы шақ туған еді. Қаһарланған халқымыз айбаттанып, опырып - жапырып келген озбыр жаудың аяусыз қылығынан сасқан жоқ. Қайта етек-жеңін тез жинап, жұдырықтай жұмылып, ынтымақтастықпен бірігіп, туған елдің туын көтеріп, сапқа тұрды. Әскери комиссариатқа халық ағылып, келіп жатты. Алғашқы күннің өзінде өз еріктерімен майданға баруға тілек білдірушілердің ішінде біздің Ақсу ауданының көптеген ұландары болды. 1941 жылы Алматыда Генерал майор Панфиловтың басшылығымен 316 –шы атқыштар дивизиясы құрылды. Осы дивизия құрамындағы біздің жерлестеріміз Отанымыздың тарихына асқан ерлікпен батырлықтың қайталанбас даңқын жазып қалдырды. Дубасеков разъезі түбінде неміс



басқыншылары біздің қорғаныс шебімізді басып өтті. Осы разьездің түбінде тұрған Клочков бастаған 28 – Панфиловшы жауынгер қаптап келе жатқан жау танкісін күтіп тұрды. Сол кезде политрук Клочков қарулас достарына : «Россия ұлан – байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Москва. Атыңдар!» - деп ұран тастады. Мұздай қаруланған фашистердің арам ойы іске аспай, ажал оғын құшты. Ерлікпен, жауға деген өшпенділік кегін оқпен отқып атқан 22 батырымыз қаза тауып, бесеуі қатты жараланды. Клочковтың өзі де ерлікпен қаза тапты. Осы 28 – дің ішінде біздің жерлесіміз Нұрсұлтан Есеболатов та бар еді.

Біз әрқашан да батыр атамыздың рухына бата жасап, батырлығын үлгі тұтамыз. Отқа оранған 1941 – 1945 жылдарда кең байтақ қазақ жерінен желкілдеген жас ұлан, қолына қару ұстай алатын азаматтар Отанға төнген қауіпті сейілтуге, керек десе өмірін, елі – жұрты үшін жанын қиюға даяр боздақтар майданға аттанды. Солардың ішінде Ақсу ауданынан талай жастар бар еді. Осы боздақтардың қатарында болған өзіме өмірі өнеге жан - атамның әкесі Айтбай, бауыры Жұмағали, қазіргі таңда көзі тірі Мейірманов Қапыш, Байдилдинов Базарбай, Рысбеков Ермұхан аталарымызды мақтан тұтамыз» – деп атам өз сөзін аяқтады.

Ия, Ұлы Отан соғысында Отаны үшін қасық қаны қалғанша туған елін, жерін қорғаған жауынгерлерді ұмыту мүмкін емес. Оларды ұмытуға болмайды. Біздің болашағымыз үшін жастығын сарп еткен. Сондықтан да олардың өлісін де, тірісін де қастерлеп, құрметтеуіміз керек.

Арадагерлеріміз бен аға ұрпақ өкілдерінің еңбегін айтып жеткізу өте қиын. Олардың жастық шақтары Ұлы Отан соғысының сұрапыл кезеңімен қатар келді, олар бүлінген шаруашылықтарды қалпына келтіруде өздерінің күш жігерін салды. Иықтарына түскен ауыртпалықтардың бәрін аянбай абыроймен жеңе білді.

Ұлы Отан соғысының, кешегі естен шықпастай болған сол бір кез, күн демей, түн демей жаумен жағаласқан бір мың елу бір тәулік ешқашан ұмытылмақ емес.

Халқымыздың ашық аспан астында бейбіт еңбек етіп, бақытты, алаңсыз өмір құрғанына да 71 жыл, тәуелсіз ел атанғанымызға да 25 жыл. Осы бақытты өміріміз үшін өз үлесін қосып Отан үшін жастығын, өмірін құрбан еткен, аталарымыз бен апаларымызға, сын сағатында сүрінбей өткен біздерді осындай бақытты заманға жеткізгендері үшін мыңда бір алғысымызды айтамыз. Аманатқа қиянат етпей келер ұрпаққа ерліктерін кірлетпей жеткізу біздің парызымыз. Еліміздің әр сүйем жері үшін жанын сала жаумен майдандасқан жандарға деген сүйіспеншілігім одан арта түсті.

Өмірде адам сан жылайды, сан күліп,  
Жақсылығы, асылдығы танылып.  
Ардақты жар, асыл әке, әз баба

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ойымызда тұлғаң тұрар мәңгілік

— деп шығармамды аяқтаймын. Тарихта болған Ұлы Жеңістің 75 жылдығы құтты болсын!

Әбіл Әлмира

8 сынып, Қ.Шорманов орта мектебі  
Райымбек ауданы, Текес ауылы  
Жетекшісі: Какымбекова Л.Т.

### Ұлы Отан Соғысының басталуына 75 жыл

1941 жыл ақпандатқан,  
Сыртта аяз.  
Ауылымызды ақ қар жапқан  
Үңірейген үрей тұр соғыс дейтін,  
Алапат- аспан, жерді аттандатқан.  
Мұқағали Мақатаев

1941жылдың жазы! Дүниенің ажары кіріп, әлемнің құлпырған кезі. 22маусым күні неміс басқыншыларының КСРО жеріне басып кіруі жайлы суыт хабар осы мамыражай уақыттың шырқын бұзды. Табиғатқа да , адамзатқа да бұл хабар ауыр соққы болып тиді.

Германия тағылық таңбасын жасыра алмайтын зорлық- зомбылықтың еліне айналды.

КСРО халықтары "өлсек өлерміз, бірақ жерімізді неміс басқыншыларына бере алмаспыз",-деп Отанды қорғауға аттанды. Қазақстандық ұл-қыздар соғыстың алғашқы күндерінен-ақ қолдарына қару алып, Отан алдындағы парыздарын өтеуге өтініш білдіріп, өз еркімен майдан даласына аттанды. Қазақстанда құрылған әскери бөлімдер Ұлы Отан Соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес әскерлерінің құрамында мыңдаған қазақстандықтар Мәскеу, Ленинград, Сталинград, Брест қамалдарын қорғауға қатысты. Ұлы Отан соғысындағы біздің қазақ халқының, қазақстандықтардың ерлігі ғаламат. Жас берендеріміз ата- бабаларымыздың ерлік дәстүрлерін жалғастырды. Ұлы Отан Соғысында қазақ халқының жауынгерлік, Отаншылдық рухы әлемге танылды. Қазақ халқының жауынгерлік рухын көтеруде Алатаудың ақиық ақыны Жамбыл Жабаев :

Шегінгенің - өлгенің,  
Ерлер, енді соны ойла.  
Елді жауға бергеннен,  
Өлген артық одан да,- деп саңқылдай жар салды.

Ұлы Отан Соғысының алғашқы күндерінен бастап кеңес жауынгерлерінің қатарындағы қазақстандықтар шайқасқан барлық майдан далаларында фашистік басқыншыларға қарсы кесілескен ұрыс жүргізілді. Мәскеу түбінде генерал- майор И.В.Панфилов қолбасшылық еткен даңқты 316- атқыштар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

дивизиясының өшпес ерлігі әлемге таралды. Өшпес ерліктің мәңгі алауы Алматы қаласының орталығында "28 Панфиловшылар" атындағы паркте алаулап тұр. Бұл алау Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысындағы Отанға деген сүйіспеншілігінің алауы. Сталинград қаласы үшін ұрыстарда полковник Ғани Сафиуллин басқарған 73 гвардиялық дивизиялар ерекше ерлік үлгілерін көрсетсе,

Жанды- жансыз бар табиғат түнерген,  
Әр кеудеде бір шер барын білем мен.  
Қан майданда ерлік етсе біреулер,  
Қарсы жауға біз де шықтық түренмен,

- деп Мұқағали Мақатаев Ұлы Отан Соғысына тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесін көрсетті. Тыл еңбеккерлерінің соғысқа қосқан үлесі ұшан-теңіз. Тыл еңбеккерлерінің Отанға сүйіспеншілігін еңбегімен көрсетті. Ұлы Отан соғысы басталған кезде 9-10 жастағы балалардың өзі үлкендермен қатар жеңіске өз үлестерін қосты. Сол қылтаң кезде жас баланың қолынан не келеді ?- деп ойлайсың. Ал сол уақыттағы жас жеткіншектер астық бастыруға, масақ теруге, малдардың көші- қоңына көмектесіп, жеңісті жақындата түсті. Менің атам Қоқымбеков Мүшірбек: Соғыс жылдары небары 10 жастағы бозбала болдым, бірақ- та үлкендерден қалыспай жылқы бақтым. Қыста жылқыларды ит-құс жеп кетпесін деп, артынан қалмай бағып отырдық. Атам үнемі балалардың бір ғана тілегі бар болды: Отанымыз соғыста жеңіске жетсе! КСРО халықтарының армандары осы болды. Жеңіс жалауы желбірегендегі ауылдағы халықтың қуаныш көз жасын мен ешқашан ұмытпаймын! Біздің балалық шағымыз осылай өтті,- деп күрсінуді еді. Еңбегі еленіп, бірнеше орден, медалдармен марапатталған.

Изенбаева Қанбала соғыс басталған кезде небары 10-11 жастағы қыз болған. Қанбала апа соғыс кезінде жазда шалғы шауып, шалғышыларға сусын тасып, мая салды, ал күзде қырманға ат арбамен астық тасып, жел соққанда қырманға барып, бидай ұшырды. Қыс мезгілінде малды жайып, түнде шұлық тоқып соғысқа өз үлесін қосты. Бұл еңбегі еленбей қалған жоқ. Бірнеше еңбегі үшін арнайы төсбелгілермен марапатталған. "60 лет Победы в Великой Отечественной Войне 1941-1945г.г"т.б

Әшімбаев Бөденбай : Кездесудегі сөзінен үзінді: Соғыс басталғанда біз де сендердей бала едік. Бірақ біздің балалық шағымызды соғыстың жеңіспен аяқталуына бағыттадық. Сол сұрапыл жылдары соқаны өгізге жегіп, жерге дән септік, егіннің бітік шығуы үшін күні- түні егістік басына түнеп, арықтар қазып, егінді суардық. Егініміз бітік шығып, қырманға астық тасып, астықты ұяға салғанша мен ғана емес бар бала тыным таппадық. Ал қыста қой бағып, үлкендермен қатар жұмыс істедік. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбегіміз еленіп, бірнеше орден, медалдармен марапатталдық.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сол уақыттағы бар бала соғысқа осылай өз үлестерін қосты. Ауылымызда тыл ардагерлерімен үнемі кездесулер ұйымдастырылады. Ата-апаларымыздың арасы сиреп барады. Ауылымызда тыл ардагерлеріне арналған "Ана мен бала" ескерткіші бой көтерген. Әрдайым оқушылар "Ана мен бала" және "Ұлы Отан соғысына қатысушыларға" арналған тақта ескерткіштер ауласын тазартып, көгалдандырып, гүл шоқтарын қойып, үнемі еске алып отырады.

Жүздеген мың оқушылар Ұлы Отан соғысы жылдары масақ терді, металл сынықтарын жинады. Олар өздері тапқан қаржыларын "Қазақстан пионері" қорына аударып, "Қазақстан пионері" танк колоннасы жауды талқандауға қатысты.

Аңыздардан тере жүріп масақты,  
Рас, рас көзімізден жас ақты  
Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар  
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты.  
Батыр жұртым, сол жылдарды өткердің,  
Сонда да сен жақсы көрдің, жек көрдің  
Қара ешкідей қатып қалған әжеңді,  
Кейінгі ұрпақ, батыр емес деп көргін!

Соғыс Қазақстан халқына да үлкен сын болды. Соғыстың сұрапыл сындары да, жанға батар шығындар мен жеңіс қуанышы да, кескілескен шайқастардағы ерлік те, еңбекпен өткен күнделікті өмірдің қарапайым ұлылығы да өз көрінісін тапты.

Ер есімі- ел есінде мәңгі сақталады!  
Әлемді отпен ораған, Ана мен бала жылаған.  
Ауаны оқпен бораған Болмасын, соғыс, болмасын,  
Айырып әкені баладан, Әлемде тыныштық орнасын!

Әділжанқызы Сұлушаш  
7-сынып №38 мектеп-гимназия  
Іле ауд.  
Жетекшісі: Есенғұлова Ғ.М.

### Мәңгі жас бейнелер

Мені екінші дүниежүзілік соғыс жайлы деректер көп қызықтырады. Дәлірек айтар болсам ел басына күн туған шақта бес қаруын асынып, қан майданда жаумен бетпе-бет келіп, нағыз қаһармандықтың үлгісін көрсетіп, еліміз тарихында аттарын аңызға айналдырған батыр апаларымыздың бейнелері үнемі көз алдыма келеді.

Кешегі өткен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың-қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерліктері туралы біздер көркем шығармалардан, оқулықтардан, кинотуындылардан білеміз.

Айдаһар болып майдан жұтып жатты  
Ата мен немеренің аралығын

- деп ақын атамыз Қадыр Мырза Әли суреттегендей соғыс зардабы қазақ қыздарының да тағдырын айналып өтпеген екен.

Ұлы Отан соғысы басталған күннен-ақ мындаған қазақ қызы майданға сұрана бастаған. Тарихи деректерді ақтара отырып төмендегідей мәліметтермен таныстым: 1941-1945 соғыс жылдарында бір миллион 196 мың 164 қазақстандық әскерге алынған. Мұның елеулі бөлігі қыздар болған.

Ақтөбе облысынан 1941-1942 жылдары әскерге алынған 80226 адамның 950-і әйелдер мен қыздар болған. Атырау қаласынан 23, Доссор кентінен 4, Қызылорда облысы Арал ауданынынан бірнеше ондаған қыздар мен әйелдер майданға аттанғанын дәйекті деректер анықтайды. Әскерге алынған қыздар соғыс техникалары мен құралдарын жетік меңгеріп алды. Шайқастарда ерлік көрсетті. Халқының абыройын асырды, елінің даңқын шығарды.

Кеңес одағының батырлары, пулеметші Мәншүк Мәметова мен мерген апамыз Әлия Молдағұлова, халық қаһарманы, ұшқыш Хиуаз Доспанова тағы да басқа көптеген апаларымыз түрлі мазмұнда әскери қызметтер атқарып, майдан шебінде ерлермен қатар жауға қарсы шайқасқан.

Жас шамасы 18 бен 20 –ның арасын ғана қамтитын өрімдей қазақ қыздарын осындай сын сағаттарда ел мен жер үшін еш тайсалмастан от жалынның ортасына түсірген ерліктің сыры неде екен деп ойға батамын.

Ерлік пен батылдық қазақтың жанымен бірге жаратылатын ұлық қасиеттер болар. Шексіз даласы, дәстүрі мен салты, тілі мен мәдениеті- өр қазақты ерлікке бастайтын Отаншыл рухтың қайнар көзі. Менің батыр апаларым сол бастаудан нәр алған, сол қайнардан қуат алған хас батырлар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сөз зергері,атақты жазушымыз Ғ.Мүсірепов қазақ қызының бейнесін былай сипаттайды: «Аталар заманы қазақ қызын еркелетпей өсірді...Ортада от,жабықта қырау, тыста сықырлаған аяз.От басында бүрсең қаққан кәрі мен қызыл сирақ бала ғана.Азамат ат үстінде,малда.Қазақ қызы-азамат,ол да сонда.Ақ жүзінде қызыл шырай. Ол- суықтың сүйгені.Кірпігінде қырау,білегінде құрық. Жадырап жаз келсе,көшпелі өмір түйесін қомдайды.Сахара жүріп,жол кезіп,ел көшеді.Қазақ қызы ақ мамықтың үстінде бой күтумен ер жеткен жоқ.Қыс аяз сорып,жаз ыстық пісірді оны.Бөрік астында бөрі бар,жар астында жаз.Ал әкетті,жау жетті- ұйқы сергек,ойың сақ. Садақ белде, найза қолда, әр азамат –жауынгер,соның бірі қазақ қызы еді».

Ғабит Мүсіреповтың бұл сөздеріне апаларымыз сын сағаттарда көрсеткен ерен ерліктер шын дәлел екені хақ.

... Иә,1945 жылдан бері көп өзгерістер болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Бірақ, менің ұғымымда,санамда сол күйі өзгермей қалатын абзал бейнелер бар. Ол- Мәншүк,Әлия апаларымыздың мәңгі жас бейнелері.

Жасын ғұмыры отты жылдардың алауы болып жанған асыл апаларым жайлы толғауымды мына өлең жолдарымен аяқтағым келді:

Аға ұрпақ қиындықты көп көрген,  
Сүрінбеген талай қиын өткелден.  
Жастық шағын соғыс оты ұрлаған,  
Жау шебінде атой салған,сынбаған.  
Сол жандардың аңыз болған ерлігін  
Жиі еске алып,мақтан етем мен бүгін.



**Базарбай Нұрила**

9 сынып Шамалған станциясындағы қазақ орта мектебі

Қарасай ауданы

Жетекшісі: Жарылқасымова Б.

### **Ер есімі-ел есінде**

Біздің жүрегіміз темір емес .Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да, ерітіп , күйдіріп жібере алады . Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол- Отанға деген сүйіспеншілік

Бауыржан Момышұлы

Осыдан тура 75 жыл бұрын фашистік Германия 1941-жылы 22-маусымда таңғы төртте 1939-жылы жасаған келісім шартын өрескел бұзып,ойламаған жерден КСРО аумағына шекарамызды бұзып, баса көктеп кірді.

Жер шарын дүрліктірген соғыс жайлы суық хабар атақты диктор Левитанның радио арқылы хабарлауымен бүкіл елге тарады. Олар жолындағы деревнялардың бәрін өртеп, адамдарды,тіпті жас балаларды да аяусыз қырып, мал-мүлкін тартып алып,ойына келген жауыздықтарын істеді.

Гитлердің басты мақсаты КСРО –ны жеңгеннен кейін бүкіл елді өздеріне бағындырып ,Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда бірыңғай герман аумағын құруды көздеді .Бірақ ол кезде он бес одақтың қаймағы бұзылмаған, бірге болатын.Кеңес Одағынан қолына қару ұстар азамат болса, соғысқа шақырты-

лып, өз Отанын қорғауға аттанды. Бес жылға созылған бұл соғыс күллі адамзат баласының есінде мәңгі қалды. Сан мыңдаған адамдардың өмірін қиған Ұлы Отан соғысының қасіретін тартпаған бірде –бір шаңырақ қалмады. Күнде почта арқылы келген «Қаралы қағаздар», «Соғыста белгісіз жоғалды»- деген жүректі шошытар хаттар, «Майданда ерлікпен қаза тапты » - деген суық жеделхаттар қарт аталар мен әжелерді сүйенішсіз қалдырып, қайран аналарымызды жесір, балалықтың бал дәмін татар шақта бейкүнә сәбилерді қамқоршысыз ,аңыратып, жетім қалдырды.

Ауылда қалған кәрі ата-әжелер таңның атуы, күннің батуы жарғақ құлақтары жастыққа тимей заводтарда, егіс алқаптарында еңбек етті. Аналар, бұғанасы қатпаған жас балалар мен қыздар ауыр жұмыстарды атқарып, жеңіс үшін өз үлестерін қосты. Өздері аш-жалаңаш жүрсе де, бар тапқан-таянғанын соғыстағы жауынгерлерге жіберіп отырды.

Соғыс жылдарындағы туылған балалар балалықтың не екенін де білмей , жетімдіктің , ауыр бейнеттің тауқыметін тартып, ерте есейді.



1418 күнге созылған бұл соғыста Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету үшін қасық қаны қалғанша, көкіректерінен жаны шыққанша қазақ халқы да өз үлестерін қосты.

Қазақ жауынгерлері Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Қайран ерлер Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Ленинград пен Москва үшін болған шайқастарда көзсіз ерлік көрсетті. Көптеген елді мекендерді азат етті. Олар одақтастарымыз Польша, Румыния, Чехославакия Болгария, Германия жерінде орақ пен балға бейнеленген қып-қызыл туды желбіретіп өтті.

Тек қана қазақстанның өзінен соғысқа бір миллион екі жүз мыңнан астам адам шақырылды. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған Кеңес одағының бас көтерер азаматтары өз Отанын қорғауға аттанды. Алғашқылардың бірі болып Наумов бастаған 312-атқыштар дивизиясы, генерал-майор Панфилов бастаған 316- дивизия Коротков бастаған 238-атқыштар дивизиясы, Мәскеу үшін болған шайқаста көзсіз ерлік көрсетті. Олар: Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Рашид Жанғозин, Т. Елебековтар «Бәрі де Отан үшін! Бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен қасық қаны қалғанша қасиетті Отанын қорғады. Елім деп еңіреген ер жүрек азаматтар мен қыздардың өздері сұранып, майдан –ның алғы шебіне аттанды.

Қазақ қыздарының ерлігінің символы болған Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметованың ерлігін ұрпақтары әлі ән қылып айтып жүр, әлі де айта бермек.

Гитлер Совет халқын оп-оңай жаулап аламын деп ойлап, қатты қателесті.

Жеңіске жету үшін ата-әжелеріміз өздерінің қасық қаны қалғанша күресетіндерін ойламаған да болар. Тіпті тұтқынға түскендердің өздері де өз елін, намысын, ұрпақтарының келешегі үшін жандарын қиды, олардың көкіректеріне немістің крестерін басып, күйдіріп, дарға асып, пеште көздерінше тұтқындарды өртеп жатқанда да міз бақпай, түбінде жеңіске жететіндігіне сеніп, сұм ажалды қасқая қарсы алды.

Тек қана Ленинград үшін шайқас үш жылдан астам уақытқа созылды. Жаудың қоршауында қалған батыр қалаға қазақстаннан қару-жарак пен әскери құрал-жабдықтар, жылы киімдер, аяқ киімдер мен азық-түлік тиелген көптеген эшелондар жөнелтілді. №310, 314-атқыштар дивизиясы ерекше ерлікпен көзге түсті.

Соғыстың басынан аяғына дейін ерлік көрсеткені үшін қазақстанда жасақталған 12 дивизияға құрметті атақ берілді. Дивизияда ерлік көрсеткен батырлар әр түрлі ордендермен марапатталды. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін жүзден астам қазақстандықтар орден және медальдармен марапатталды. 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды. Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова мен Талғат Бигелдинов бастаған төрт ұшқыш Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бұл атақ Бауыржан Момышұлы атамызға ол өмірден озған соң ғана берілді. Жау Москваға таяп қалды. Сол кездегі еліміздің жүрегі болған Москва үшін шайқаста отандастарымыз бен бірге біздің еліміздің азаматтары да ерен ерліктерімен ерекшеленді. Москваға аз-ақ қалғанда немістер жеңіліс тапты. Немістер елді жаулап алмақ түгілі, енді өз қара бастарын алып қашып, шегіне бастады. Жауды тықсыра қуған батырларымыз немістерді өз елдеріне дейін шегіндірді. Өз Отанына деген махаббат пен ыстық ықылас, намыс, ұрпақтардың алдындағы жауапкершілікті сезінген батырларымыз жауды тықсырта қуып, ең соңғы ұясы Рейхстагға дейін шегіндіріп апарып, бір-ақ талқандады.

Рейхстагқа ту тігу бақыты да Рақымжан Қошқарбаевқа бұйырғаны қазақ халқының беделін тағы да көтеріп тастады.

Биыл соғыстың аяқталғанына 71 жыл толды. Біз өскелең ұрпақ ешқашан да ата-бабамыздың ерлігін ұмытпауымыз керек. Олардың алдында осындай бақытты балалығымыз үшін өмір-бақи қарыздармыз. Отанымызды сүйю, қорғау-біздің басты міндетіміз. Енді ешқашан соғыс болмасын! Жұмыр жерде мәңгі-бақи тыныштық болсын! Елін, жерін сүйген ақылды, білімді, тәрбиелі, батыр, ұрпақтарымыз көбейе берсін!

Өзімнің шығарған бір-екі ауыз өлеңіммен шығармамды аяқтаймын.

Сұм соғыс жалмап алды боздақтарды,  
Зар илетіп аяулы әже, аналарды.  
Балалық бақытты шақ көре алмаған,  
Қалайша аямассың балаларды?

Қанша адам қайта алмай туған жерге,  
Ажал құшты ерлікпен бөтен жерде.  
Әр жерде пайда болып қабірлері,  
Ұрпақтары тағзым еткен ерлеріне.

Арадан өтсе -дағы сонша уақыт,  
Батырын туған елі ұмытпаған.  
Жеткізді ұрпақтарын қандай бақыт!  
Қан кешсе де, еш ажалдан қорықпаған.

Енді соғыс болмасын!  
Елде болсын тыныштық!  
Ұрпағың қару алмасын,  
Бейбіт өмір тым ыстық!

**Бекен Нұрасыл**

2 сынып Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп- гимназия

Ақсу ауданы

Жетекшісі: Данабатырова Н.И

### **Батырдың аты өлмейді**

Менің туып – өскен жерімде қаншама батырлар есімдері үлкен құрметпен аталып жатады. Өйткені, батырлар есімі ешқашан атаусыз қалмақ емес. Осындай батырларымыздың аттарын кейінгі жас жеткіншектер ұмытпай, өз еліміздің патриоты болып тәрбиеленуі үшін айтыла бермек.

Солардың бірі гвардияшы – панфиловшылардың бірі, Кеңес Одағының Батыры Нұрсұлтан Есеболатов атаның есімін, ерлігін ерекше атағым келеді. Нұрсұлтан атаның 2013 жылы 100 жасқа келген тойы сол туған ауылында аталып өтті. Ал биылғы жылы Ұлы Отан соғысына 71 жыл болмақ. Небәрі, 27 жасында соғысқа аттанған жас жігіт елі, жері үшін жанын қиып, соғыста қаза болды. Артында жылаған анасы, бауырлары, жерлестері қалды. Ол кісі қайтып келген жоқ. Бірақ, Нұрсұлтан атаның атында ауыл, көше, мектеп бар. Сол ауылда, аудан орталығында батырға арналған ескерткіш пен мұражай бар. Жылда 9 мамыр Жеңіс күнінде ескерткішке барып оқушылартағзым етеді, гүл шоқтарын қояды.

**Бекетқалиқызы Сезім**

10 сынып, Дарынды балаларға арналған  
М.Арын атындағы №24 Экономика және бизнес арнаулы лицейі  
Талдықорған қ.  
Жетекшісі: Нұрғожаева Б.Д.

### **Қаһарлы күндер жаңғырығы**

Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,  
Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін.  
Түр білек, түс еңбекке ту астында,  
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін  
Н. Байғанин «Жеңіс үшін» өлеңінен

Мәңгілік өшпес отты жылдар. Бұл адамзат тарихында өткен күндер белгісі. Еліміздің осы бір өткен тарихына үңілсек, осыдан 75 жыл бұрын 1941 жылы неміс фашистері елімізге тұтқиылдан шабуыл жасаған. Сталинград, Москва, Ленинград қалаларында, Днепр өткелінде болған ұрыстарда жауынгерлер ерен ерліктер көрсетті. Елбасына төнген бұл зұлмат соғыс жиырма миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Қаншама қала, өндіріс орындары, ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылып, 23 сағаттың жұмыс күні бекітілді. Демалыс күндері мүлде болмады. Бірақ ешкім де қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. Осындай ұрыс даласында, тылдағы еңбек майданында бәріне бірліктің арқасында еліміз жеңістерге қол жеткізеді.

Осы бір отты жылдарда шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүк еді. Сол кездерде нәзік жанды әйелдер кез келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талас етпестен, қашан да жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен дәл осы қыздардың бар болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш-қуат берді.

Ерліктің қос қанаты деп білемін  
Аяулы Әлия мен Мәншүгімді,-

деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай

қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қойды. Яғни, сұрапыл соғыста от пен оқтың, өмір мен өлімнің арасында жүріп жас өмірін сарп еткен мерген Әлия мен пулеметші Мәншүк ерліктері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Шерлі жылдар шежіресіндей адамзат тарихындағы осы бір қаһарлы отты жылдар, ауыр күндер көркем әдебиетке де өз ізін қалдырды. Әсіресе, ұлы Жамбылдың даусы асқақ та айбынды естіледі. Жыр алыбы атанған Жамбылдың «Ленинградтық өренім» атты толғауы. Ленинград түбінде болған шайқаста жауынгерлерге үлкен рух беріп, оларды отанды сүюге жігерлендіреді. Поэзияның мұндай ғажайып рөл атқаруы тарихта сирек кездеседі.

Жамбыл жырларымен қоса қарасөздің қадірін ұғатын жалынды жас Баубек Бұлқышевтің де дауысы ерекше естілді. Соғыстың нағыз отты жылдары 1942 жылы жазылған «Менің өмір сүргім келеді» деген шығармасында Баубектің мынадай бір ойтолғанысы бар. «Менің жастығым адам баласына берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайтара алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсыңдар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боларсыңдар»,-деген хат үлгісінде жазылған. Баубектің жалынды сөзінде айбаты асқан, соғыста жеңіске жетем деген сенімі мол, айбынды өр дауысы жатыр. Бұл сын сәттерде батыл сөзді түйдек-түйдегімен төккен Баубектің отты толғанысы қазақ журналистикасын жарқыратып, жаңа бір белеске көтерді.

Сонымен қатар әдебиет әлемінде жаумен айқаста шайқас үстінде қаза тапқан Абдолла Жұмағалиев туралы Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» Панфилов дивизиясының әйгілі 28 батыры туралы Нұрпейіс Байғаниннің «Ер туралы жыр» поэмалары, Әбу Сәрсенбаевтың «Мазасыз Украина түні», Жұмағали Саиннің «Жаралы партизан жылдары» өлеңдері, Әлжаппар Әбішевтің 9-гвардия жауынгерлерінің ерліктері туралы «Намыс гвардиясы» пьесалары бар. Сонымен қатар «Жанымды арым үшін құрбан еткен, халқымның қарапайым бір ұлымын» дейтін өмірлік ұстанымы бар қайсар да қайтпас ер Бауыржанның ерлікті өзек еткен жырлары шерлі жырлардың шежіресі іспеттес.

Қорыта айтқанда, «Ұлы ерлік – ұрпаққа үлгі» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған ардагер аталарымыз бен Әлия, Мәншүк сынды апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бізге шуақты нұрын шашады. Олар біз үшін қаншама ауыр сын сәттер басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанда ақ көгершіндей қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Осынау өрт шарпыған соғыс жылдарында от кешкен ержүрек жауынгерлер, бүгінгі соғыс ардагерлері қашан да үлкен құрметке лайық. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сол сұрапыл соғыста батырларымыз бен ардагер аталарымыз сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінде дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып, бүгінгі ұрпағымыз осы тәуелсіз елімізде алаңсыз, баянды күн кешуде. Мен өз шығармамды мына бір өлең жолымен аяқтағым келеді.

Жауды жеңіп табанға сап,  
Жермен-жексен еткен ерім.  
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ  
Шын жеңіске жеткен елім!,-демекші  
Жеңіс туы төбемізде мәңгі желбіресін,  
Соғыс болмасын, бейбіт күн мәңгі жасасын!  
Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

-деп тебіренген мұзбалақ ақынымыз Мұқағали жырлағандай отты жылдарда ерліктің сан үлгісін көрсеткен соғыс ардагерлеріміз бүгінде саны азайып барады. Олай болса, осы ардагер аталарымызға құрмет көрсету, олардың ерлік істерін кейінгіге үлгі ету – біздің перзенттік парызымыз.

**Берікболқызы Аиша**

5 сынып, М.Ғабдуллин атындағы орта мектеп

Қарасай ауд, Абай ауылы

Жетекшісі: Хожаметова К.Д.

### **Ерлік елге мұра, ұрпаққа үлгі**

Қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. «Отан үшін отқа түс», «Отан үшін жан пиде», - деп ата-апаларымыз елі, жері үшін болашақ ұрпақ үшін соғысқа аттанды. Міне олардың арман-тілектері, мақсат-мүдделері орындалды. Еліміз Жеңістің 71 жылдығын атап өтпекші. Дегенмен, бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Әскерлер соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, төзімділікпен шыдады. Асқан ерлік көрсетті. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Қазақстандықтар Брест қамалын қорғады, Мәскеу түбінде өлімге бас тікті. Сталинград, Курск доғасындағы шайқастарда ерекше көзге түсті. Мәскеу шайқасында генерал-майор И.В.Панфилов қолбасшылық еткен 316-атқыштар дивизиясы ерлікпен шайқасты. Ленинград үшін шайқаста С.Баймағамбетов жаудың қорғаныс ұясының оқ жаудырып тұрған аузын кеудесімен жауып қаза тапты.

И.В.Карпов қолбасшылық еткен атқыштар полкі мен аға лейтенанты Б.Момышұлы басқарған батальон жауынгерлері ерекше табандылықпен қаһармандық көрсетті. Б.Момышұлы жауынгерлерін үш рет қоршаудан алып шықты. Бауыржан ерлігі үшін бірнеше орден, медальдармен нағратталды. Кеңіс Одағының батыры атағын алды.

Ротаны саяси жетекшісі М.Ғабдуллин басқарған автоматшылар тобы жау танкілерін жойып, бөлімшелерін жау қоршауынан алып шықты. Ерлігі үшін М.Ғабдуллинге Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Әрқайсысы 200-астам ұшу сапарына шығып, оннан астам жау ұшағын жүздеген фашистерді жойған шабуылдаушы ұшқыштар Т.Бегельдинов, Л. Беда, И.Павлов, және С.Луганский – Кеңес Отағы батыры атағына екі мәрте ие болғандар.

Шығыс қыздарының арасынан бұл құрметті, атақты алған 100 қазақ ұлттық атқыштар бригадасының пулеметшісі М.Маметова мен 54-атқыштар бригадасының мергені А. Молдағұлованың орны айрықша.

«Еліңді сүйсең, ерлік істейсің», - дегендей батырларымыздың ерліктері шексіз. Ұлы Отан соғысына қатысқан Ә.Шәріпов, Қ.Қайсенов, Н.Әдіров, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Т.Бегельдинов, Р.Қошқарбаев сияқты есімдер аңызға айналған аталарымызды тарих бетінде батыр деп жазып кетті.

Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазіргі қазақ елінде көптеген көшелер, ғимараттар,



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

оқу орындары, Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батырлардың есімдерімен талады. Мен М.Ғабдуллин атындағы орта мектеп оқушысымын. М.Ғабдуллин Кеңес Одағының батыры ғана емес, профессор, жазушы, филология ғылымдарының докторы болған. Мен Мәлік атамды мақтан тұтамын., есімі берілген мектептің намысын көтеру мен үшін үлкен міндет.

Жеңіс күні - адамзаттың аңсап күткен күні. Жеңістің туын тіккен 1945 жылғы 9 мамыр азаттық күрестің айбынды күні.

**Болат Балғын**

10 сынып оқушысы, №1 гимназия

Сарқан қ.

Жетекшісі: Қажиева А.М.

### **Ұлы Жеңіске 71 жыл**

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Ұлы Отан соғысының басталғанына міне, 75 жыл. Осыдан 75 жыл бұрын, 22 маусым күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Соғыс кенеттен басталғанымен, бүкіл Кеңес Одағы алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінен әскери қатарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Фашистер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады.

Жеңіске ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз майданға астық, картоп және көкөніс, ет, сүт, жүн беріп отырды. Көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

Соғыс жылдары Қазақстанға балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, немістер мен поляктар, түрік-месхетиндер, қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Мұның бәрі қазақ халқы үшін өте ауыр кезең болды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Адамзат тарихындағы бұл ең зұлым соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Көптеген қалалар мен ауылдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, темір жол, теміржол стансасы, пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. Аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Алайда халықтың төзімділігінің, күш-қуаты мен ерік-жігерінің арқасында жеңістің туы желбіреді. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді. Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз. Қазір Қазақстанның көптеген қалалары мен ауылдарында көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері беріліп жатыр. Биыл жеңістің 71 жылдығына орай еліміздің әрбір жерінде әртүрлі іс-шаралар, мерекелік кештер өткізілуде. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалуда. Әрине, олардың орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін!

Жеңіс үшін жетім қалды жас балалар,  
Жеңіс үшін жесір қалды жас аналар.  
Күлкі кетті адамдарда ұйқы кетті,  
Жеңіс үшін күресті жас ағалар.  
Қаншама адам кеудесін оққа тосты,  
Қаншама адам осынша отты басты .  
XX ғасырда болған соғыс –  
Сондағы көргендері ұлы соғыс.  
Соғыстан кім қасірет шекпеген,  
Соғыстан кім көз жасын төкпеген.  
Сонда да кеудесінде үміт оты алаулап,  
Жеңіске деген құштарлықпен, еппенен.  
Жеңіс, жеңіс, ал міне жеңіс деген,  
Көшелерді тоғытқан тегіс өлең.  
Би толқиды дүниенің алаңында  
Мол күлкі, мол қуаныш бөліспеген.  
Мұны естіп тере жүріп масақты,  
Көздерінен тамшылап бір жас ақты.  
Батыр халық сол жылдарды өткерді,  
Оларда қолдан келгенді жасапты.

Диас Акерке

9 сынып, Балтабай орта мектебі

Еңбекшіқазақ ауданы

Жетекшісі: Омаржанова А.У.

### Біз бірге жеңдік!

Мен – патриотпын! Ал «патриот» дегеніміз не? «Патриот» - дегеніміз кең мағыналы, көп сатылы ұғым. Патриоттық сезімді бір сөзбен немесе бір оймен жеткізе алмаймын. Еліме деген сүйіспеншілік, адалдық, тіліме, дініме деген сүйіспеншілік. Бұлардың бәрін сөзбен жеткізу мүмкін емес. «Патриотизм»-көне грек тілінен «патрис» сөзінен шыққан. Қазақ тіліне аударғанда «Отан», «Атамекен» - деген мағынаны білдіреді. Патриот болу - өзіңнің тіліңмен, еліңмен, туған жеріңмен мақтансаң міне сол патриоттық сезім. Патриот – болу тек қана ұлттық киім киіп, халық әнін тыңдаумен ғана шектелмейді, сонымен қатар халық дәстүрін дәріптеп, оны құрметтей білумен жалғасады.

Қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі Ш.Уәлиханов өзінің патриоттық сезімін былай жеткізген – « Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртым, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Ресей жұртын қадірлеймін », - деп өз патриоттық сезімін білдірген. Бұл сөзден - патриотизм отбасынан бастау алып, әулетіне, туыстарына деген сүйіспеншіліктен барып халқына одан кейін сол кездегі алдыңғы қатарлы ел Ресейді атап айтуыда патриотизмнің халқыаралық мәдени қатынастардың негізі екенін көрсетіп тұр.

Қазақтың барлық ақындары десекте болады, өздерінің алғашқы өлең-шумақтарын өз еліне арнайды. Өздерінің «еліне, жеріне - деген сүйіспеншіліктерін»- өлең шумақтарымен жеткізген. Менде өзімнің еліме, туған жеріме деген махаббатымды өлең шумақтарымен білдіргім келеді:

Отаным бар менің ол – Қазақстан!  
Ата-бабам жан беріп, жан алысқан.  
Дамытамын, қорғаймын Отанымды.  
Кетпес үшін бабамның қаны босқа!

Мен өткенге көз жүгіртіп ата-бабамыздың осы кең байтақ жерін қалай қорғағанын айтқым келеді. Ұлы Отан соғысының басталуынан бастасам – бұл соғыс халқына, барша жұртқа үлкен, алапат жаңалық ашты: Германияда өкімет басына фашистердің келуі және олардың Еуропадағы агрессияшылдық іс-әрекеттері Кеңес Одағы мен гитлерлік Германияның арасында соғыстың болмай қоймайтындығын айқын көрсетті. 1941жылы 22маусымда фашистік Германия өзара шабуыл жасаспау жөніндегі кеңес-герман шартын бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса-көктеп кірді. Жер бетінде болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал,

әрі ауыр соғыс басталды. КСРО-ға қарсы соғысқа Германияның одақтастары – Румыния, Венгрия, Италия, Словакия, Финляндия қатысты. Гитлершілдердің жағында соғысқа кіруге Жапония, Балгария, Түркия, Испания дайын тұрды. Бұл жағдай Қызыл Армияны Қиыр Шығыс пен Закавказьеде ірі әскери құрамаларын ұстап тұруға мәжбүр етті. Ұлы Отан соғысы Екінші дүниежүзілік соғыс орасан зор кеңістікте жүргізілгенімен соғыс қимылдары кеңес елдерінің аумағында өтті. Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысына дайындықсыз кірісті. 1930жылдардағы әскерилерді қуалау соғыстың алғашқы күндерінде сәтсіздіктерге ұшыратты.

И.В.Сталин халыққа 1941жылдың 3шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп майдандағы армияның қатарын толықтырды. Әскери міндеттілерді әскерге алу өте қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Тарихи әдебиеттерде бұл соғыс « Ұлы Отан соғысы» деген атқа ие болды. Бүкіл кеңес халқы ортақ жауға қарсы күреске жұмылды. Алғашқы күндердің өзінде ақын В.Лебедев-Кумач пен композитор А.Александров жауға қарсы күресте көпке ортақ ән ұранға айналған «Қасиетті соғыс» әнін шығарды.

Қатарында мыңдаған қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі жүргізді. 1942 жылдың 1қаңтарына дейін Қазақстанда армия қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1млн 200 мыңнан артық қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. 20-дан астам атқыштар дивизиясымен басқа да құрамалар құрылды. Фашистермен шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы атты әскер дивизиялары, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадалары, 29-Зайсан, 219-Микоменттік, 85-ші Зениттік, 662-ші, 991-ші, 992-ші авиациялық полктар даңққа бөленеді. Көрсеткен ерліктері үшін 316-дивизия 8-гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автокөлік, 1,5 мың шынжыр табан трактор, 110,4 мың жылқы мен 16,2 мың арба жіберілді. Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақ халқының көптеген ұлдары ерлікпен шайқасты. Олардың ішінде Кеңес Одағының Батырлары – Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Рашид Жанғазин, Төлеген Тоқтаров, Рамазан Елебаев, Төлеуғали Елебековтер бар. Мәскеу үшін болған шайқаста полковник Г.П. Коротков басқарған 238-атқыштар дивизиясындағы қазақстандық жауынгерлер өздерін даңққа бөледі. Дивизия жауынгерлік Қызыл Ту орденмен марапатталып, табандылығы, ержүректігі мен батырлығы үшін 30-шы гвардиялық дивизия болып қайта құрылды. Алексин қаласы үшін шайқастарға қазақ халқының аты аңызға айналған батыры Амангелді



Имановтың ұлы, қатардағы автоматшы – Рамазан Амангелдиев қатысты. Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты. Украинаның партизандық құрамалары менотрядтарында 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ шайқасты. Смоленск облысындағы 15 партизан бригадалары мен отрядтарында 270 қазақстандық ұрыстарға қатысты. Белоруссияның әр түрлі аймақтарында әрекет еткен 65 партизан бригадалары мен отрядтарының құрамында 1500-ден аса қазақстандық болды. Соғыс жылдары партизан қозғалысына қатынасқан қазақстандықтардың саны 3,5 мыңға жетті. Партизандық қозғалыстың Ғалым Ахмедияров, Ғалым Омаров, Нұрым Садықов, Қасым Қайсенов, Нұрым Сыздықов, Әди Шәріпов, Тәжіғали Жангелдин батырларымыздың есімі көпке танылды. Халық кекшілдерінің қатарында қазақстандық әйелдер – Нұрғаным Байсейітова, тұрғаш Жұмабаева, жамал Ақәділова аянбай шайқасты. Еуропа елдерінде Қарсыласу қозғалысына қатысушы қазақстандықтар фашистерге қарсы күресте қайсарлықтары мен ерліктерін көрсетті. Поляк партизандық жасақтарында Жамбыл облысынан Омар Тойымбетов тағы басқалары шайқасты. Словакиядағы Турея өзені бойында қазақстандық Петр Величконьң басшылығымен партизандық құрама жасақталды. Қазақстандық 23 жауынгер итальяндық қарсыласу қозғалысы құрамында – Қарағандыдан Тәкіш Әлпейісов, Қалданбек Дүйсенбеков, Ақтөбеден Жаймақ Келшіков, Целиноград облысынан Николай Дрожаков және Топай Сәдуақасов жаумен қасық қаны қалғанша шайқасты.

Соғыстың басынан аяғына дейін әскери бөлімдер ретінде шайқасқан 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақтар берілді. Олардың бесеуі – бір орденмен, төртеуі – екі орденмен, екеуі – үш орденмен марапатталды. 5 дивизия гвардиялық дивизияларға айналды. Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдармен марапатталды, 497 қазақстандық Кеңестер Одағының Батыры атанды. Бұл атақты 97 қазақ иеленеді, олардың ішінде қазақ қыздары - Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Төрт қазақстандық ұшқыш – Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі мәрте ие болды. 1990 жылы 11 желтоқсанда көрнекті қолбасшы Бауыржан Момышұлына да осы құрметті атақ берілді. 1941 Бауыржан Момышұлы аға лейтенант шенінде батальонды басқарып, Мәскеу түбіндегі шайқастарда өз құрамасын жау қоршауынан үш рет алып шықты. Соғысты Б. Момышұлы полковник шенінде аяқтады. Әділеттілік тек 45 жылдан соң, қазақтың ұлттық батыры өмірден қайтқаннан кейін ғана қалпына келтірілді. « Даңқ орденінің толық иегері » атағына 110 қазақстандық ие болды. 1941 жылы 26маусымда әуеде от-жалынға оранып бара жатқан бомбалаушы ұшағын жау танкісі колоннасы үстіне шүйілтіп, жандарын пайда еткен қазақтың баһадүр ұшқышы Бақтыөраз Бейсенбаев пен ұшақ экипажына 1996жылы 2мамырда Ресей



Федерациясының Батыры атағы берілді. Рейхстагқа тікелей шабуыл жасап, оған Жеңіс туын тіккендердің қатарында қазақстандықтар Р.Қошқарбаев, капитан Б.В.Чупрета, минаметшы А.Бақтыгереев, пулеметші А.Е.Вешко байланысшы К.М.Волочаевтар болды.

1945жылы 8мамырда Патсдамда гитлерлік Германияның сөзсіз тізе бүгу Актісіне қол қойылды. Сол жылдың 2қыркүйегіндегі американдық «Миссури» линкорының бортында мелитаристік Жапонияның сөзсіз тізе бүгуі жөніндегі актіге қол қойылды. Бұл оқиғаның жедел өткізілуіне: біріншіден, Кеңес Армиясының Қиыр шығыста Жапондық Квантун армиясын қысқа мерзімде талқандауы, екіншіден, американдықтардың жапон қалалары Хиросима мен Нагасакиге екі атом бомбасын тастауы себепші болды. Жапонияның тізе бүгуімен екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Ұлы Отан соғысының сол бір отты жылдардағы оқиғалар қазақ музыка өнерінің барлық жанрында – халықтық өлеңдер, дәстүрлі аспаптық музыкадағы авторлық шығармалар, камералық аспаптың музыкадан жан-жақты суреттеліп, кеңінен орын алды. Көптеген әнші апаларымыз соңыс кезінде күш берген, қайрат берген өлеңдер шығарып майдан жауынгерлерге демеу берген. Отан соғысына қатысып елін қорғауда от кешкен жауынгерлердің арасында Әли Базанов, Қасым Аманжолов, Рамазан Елебаев, Мәлік Жаппасбаев, Смағұл Көшекбаев секілді ақын, сазгерлер болды. Олар-дың шығармашылығындағы бірқатар әндер сол уақытта отан сүйгіштік рухта шығып, жауынгерлер арасында айтылып жүрсе, нәзік лирикалық әндерінің бір бөлігі елге жетіп, танымал болды. Мәскеу мемлекеттік консерваториясының студенті композитор Р.Елебаев (1910-1943) қазақ атты полкінің әскери қызметінде жүргенде, осы полк маршына айналған «Жолдастар» әнін, майдандағы солдаттарды ерлікке жігерлендіретін «Талғар полкінің маршы», «28батыр», «23-полк маршы» атты әндер шығарды. Р.Елебаев көптеген шығармаларын майдандастарына арнап оларға күш, жігер берді.

Қорытындылай келе өз халқым жайлы жазғым келеді: менің халқым өте қонақжай халық. Көптеген ауыр кезеңдерге мойынсынбай осындай бейбіт, тәуелсіз елге айналып отырмыз. Қазақ болып бәріміз жұмылып осы күнге жеттік. Мен өзімнің қазақ екеніме мақтанамын! Мен өз халқымның көнбеске көніп, шыдамасқа шыдап, барлық жағайды ақылмен ойлап шешкеніне қайран қаламын. Қазақтар талай жерде қырылып кете жаздады. Бірақ, өмірге деген құштарлық, азаттыққа құштарлық халықтың еңсесін көтеріп, алға жетеледі. Мен өз жерімді, халқымды сүйемін. Оның мені бала кезімнен парасаттылық – қа, сабырлыққа, мейірімділікке баулығанына мақтанамын. Бейбіт тәсілдерге ғана жүгініп, кикілжіңді жүреппен шешетіндігім сондықтан шығар. Қаншама қиындық көрсе де, абзалдығы мен сабырлығын сақтай білген халықты, ХХІ ғасырда тыныш, бейбіт өмір сүріп, көптеген белестерден көрінген еліммен, бейбіт халқыммен – мен қалайша мақтанбаймын! Өз халқымның алдында бас иемін! Қазіргі таңда жастарымыз, өткенге көз жүгіртпейді. Ата-бабамыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бізді осындай бейбіт өмірге қалай алып келгенін, қандай қиындықпен жеткенімізді біле-білмейді. Көптеген кітаптар оқып, өткенге біраз көз жүгіртсек, халқымыздың қайтпас қайсар екеніне тағыда көз жеткіземіз. Осындай бейбіт халықты бір тудың астына жинаған Н.А.Назарбаев атамыздың арқасы! Мен өз еліммен мақтанамын! Менде өз еліме қызмет жасап еңбек сіңіргім келеді. «Болашақ – жастардың қолында» демекші, туған жерімізді қастерлей білейік!!!

**Естай Айсулу**

2 сынып, Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп- гимназия

Ақсу ауданы,

Жетекшісі: Данабатырова Н.И

### **Бізге келген жеңіс**

Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 9-шы мамырда 71 жыл толады. Жылдар өткен сайын бізге Ұлы Жеңіс сыйлаған ардагерлеріміздің саны азайып барады. Сондықтан, біздің басты борышымыз, сол майдангерлерімізді сыйлау, құрметтеу, оларға қамқорлық көрсету. Соғыс 1941 жылы басталып 1945 жылы аяқталды. Қазақ елінің азаматтары да соғысқа бірінші күннен бастап қатысты. Отанымызды қорғау үшін жастар да, кәрілер де қатысты. Сол соғыста қаншама адам қазақ тауып, қаншамасы мүгедек болып қайтты, қаншама ана жесір қалып, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерлік көрсеткен, ерекше сый-құрметке ие болған майдангерлердің ішінде біздің қазақ аталарымыз бен апаларымыз бар. Біз батырларымызды ешқашан ұмытпаймыз. Біздің елімізде көптеген көшелерге, ғимараттарға, оқу орындарына осы соғыста ерлік көрсеткен қазақ батырларының есімі берілген. Биылғы жеңістің 71 жылдығына орай әр-түрлі қалаларда мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Ардагерлерге құрмет көрсетіледі. Осы кісілердің арқасында біз бейбітшілікте өмір сүріп жатырмыз. Көп – көп рақмет сіздерге, құрметті ардагерлер!

**Жүнісова Зарина**

10 сынып, М.Арын атындағы № 24 арнаулы лицей

Талдықорған қаласы

Жетекшісі: Нұрқожаева Б.

### **Ер есімі ел есінде**

Ел үшін аянба-ерлігіңе сын,  
Жұрт үшін аянба-жігіттігіңе сын.

Б.Момышұлы

Әрбір ұлттың өз өткені, тарихы болады. Сондай қайғысы мен қуанышы қатар жүретін қазақ тарихындағы естен кетпес күндердің бірі-22 маусым. КСРО-ға Фашистік Германия шабуылы, жан-жақтан соғыс басталғанын хабарлайтын дауыстар, үреніш, ананың жүрегіндегі қорқыныш, уайым. Міне, дәл осылай бұл күн есте қалды. Қайғы-қасіретке толы жаңа заман басталды. Отан алдындағы парызын орындау үшін ерлер әскери комиссариаттарға барып, енді шегінерге жол жоқ деген оймен жасы да, кәрісі де соғысқа аттанды. Жүректегі үрейге қарсы тұрып, суық қаруды қолға алып, соғыс шебінде ерлікпен шайқасты. . Бес жыл ішінде қанша мың қазақ баласы отанына оралмады, бірақ қасық қаны қалғанша шайқасып, біздерге жеңіс әкелді. Көптеген неміс шабуылдарына бірлесіп төтеп беріп, майданда өз ерік-жігерін көрсетіп, Кеңес Одағының Батырлары атанды. Сондай ер-азаматтарымыздың бірі-Бауыржан Момышұлы. Ол ержүрек қазақ қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды. Сол бес жыл ішінде 27 рет қолына қару асынып, ұрысқа шықты. Басқа да жауынгерлермен бірге Мәскеуді қорғады. Соғыстан ерлікпен оралып, кейінгі жылдары жазушы ретінде соғыс атты өмір мектебіне байланысты “Генерал Панфилов”, “Майдандағы кездесулер” шығармаларын жазды. Сол кітаптардан алынған мынадай қанатты сөзі бар: “ Соғыс-халықтың күш-қуаты, ерік- жігерін сынайтын ұлы емтихан”. Әрине, ол ел тарихындағы үлкен сынақ, бірақ біздің ерлер бір ту астына бірігіп, оған төтеп берді.

Соғыс жылдары майдан шебінде тек ерлер ғана емес, әйелдер де шайқасты. Олар да ерлерден кем түспейтін армияға үлкен көмек болды. Ел намысын қорғап, кейбір жігіттер жасай алмайтын қадамдарға барды. Оған дәлел қазақ қыздары Мәншүк пен Әлия ерліктері. Мәншүк Мәметова жастайынан жетім қалып, менің жақыным жоқ деп, соғысқа пулеметші болып аттанады. Невель қаласы үшін болған ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза табады. Әлия да соғыста мерген болып, ақтық демі қалғанша шайқасып, ерлікпен қаза табады. Ерлік білекте емес, жүректе демекші мен осындай қазақ қыздарымен мақтанамын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қазақ жазушылары да соғыс белсенділері. Халық үмітін үзген сәтте олардың жүрегіне сенім ұялатып, берілмеуге шақырды, жеңістің алда екеніне сендірді. Мысалы, жыр алыбы Жамбыл атамыз немістерге қара қаламмен қарсы тұрды. Оның “Ленинградтық өренім” өлеңі кеңес жауынгерлеріне жігер берді, тек алға жетеледі.

“Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар” деп, қорытындылай келе, қазақ жауынгерлері ел, бүкіл жұрт үмітін ақтады. Ел намысын таптатпады, жерімізді жау қолынан азат етті. Сол ерлікті жадымызда мәңгілікке сақтап, біздер әрдайым мақтан тұтатын боламыз.

Исаева Құралай

7сынып, Үшқоңыр қазақ орта мектебі  
Қарасай ауд. Үшқоңыр ауылы  
Жетекшісі: Бихожаева Г.Н.

### Ұлы жеңіс-ұрпаққа аманат!

Сендердікі-өмір, қоғам, заманда,  
Сән түзеген қалаң менен далаңда.  
Бейбітшілік мұра болмақ әманда,  
Болашақ деп аталатын адамға.

Осыдан 71 жыл бұрын, адамзат тарихындағы ең сұрапыл да жойқын соғыс аяқталды. Елім деп еңіреп жерім деп жанын аямай шайқасқан кешегі аға-апкелеріміздің арқасында біз бүгін адам айтса нанғысыз бейбіт ғұмыр кешудеміз.

Ұлы жеңіс- сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке, ол біздің ата-бабаларымыздың қаны мен терін төгіп, білектің күшімен найзаның ұшымен келген дүние. Қаншама ата-бабаларымыз ерлік көрсетіп, жерлерін, елдерін ешкімге бермей фашистермен айқасқан бабаларымыз үшін қарыздармыз. Осыдан 75 жыл бұрын, сұрапыл соғысқа аға-апкелеріміз аттанған болатын. Егерде бізде мұндай жаужүрек, қайсар, батыр бабаларымыз болмаса біз бейбіт, жарқын өмір сүруші ме едік кім біледі.....

Германдықтардың қол астында жұмыс істеп, егемендігімізді алмай армандайтын ба едік....

Әлде жер бетінен жойылып мұндай ел барын ешкімде білмей қаларма еді...

Тәуба қаны қазақ жаны қазақ батыр бабаларымыздың баға жетпес ерлігі, асыл аналарымыздың күндіз түні төккен тері бүгінгі күні өз жемісін беріп Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің ұланғайыр жерінде бейбіт өмір сүріп келеміз! Болашаққа нық сеніммен қарайтын, тарихының тамырынан сыр шертетін бабалар армандаған білімді жастар бой түзеуде.

Соғысқа қатысқан қаншама боздақтар Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегелдинов, Төлеген Тоқтарав, Сайн Аманжолов сияқты батырларым өздерінің өшпейтін ерліктерін бізге өнеге ретінде қалдырды. Ол кісілер біздің жүрегімізде... Шын мәнінде біздің абзал жанды ардагер қарияларымыз үлкен ерлік жасады. Ел үшін, болашақ үшін жалын атқан жастығын, жанын берді.

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаға шабуылымен басталған болатын. 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4 шамасында Герман әскері КСРО-ның батыс шекараларына шабуыл жасай бастады. Сол уақытта бүкіл халыққа қаралы хабар келіп жетті. Гитлердің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

соғысқа арналған жоспары «Барбаросса» деп аталды. Ол жоспар бойынша Гитлер КСРО-ны 3-4 айда жаулап аламын деп ойлаған болатын. Соғыс жылдарында Кеңес Армиясының қатарына шамамен 1 млн-нан аса Қазақстандықтар шақырылған болатын.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең жаман соғыс 20 млн-нан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды, 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да нысандар жойып жіберілген, тоналған деп сыр шертеді тарих.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш етеді. Соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер азда болса армызда жүр. Сол кісілерді көзі тірісінде ұлықтап төрден орын беріп құрметтейік, қадірлейік!!!

Соғыстан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, жылап жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн-Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол-өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы болып жыл сайын тойлануда.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағадай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі,ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі- ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған бабалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Бұл қазақ даласы не көрмеді кешегі ашаршылық жойқын соғыс зұлматтардың бәрін арқаға тастап бүгін тәуелсіз елміздің ұланғайыр жерінде еркін өмір сүрудеміз.Ата-бабам армандаған ұлы жеңіс болашақ жастарға мына біздерге ұлы аманат!

«Арыстандай айбатты  
Жолбарыстай қайратты  
Қырандай күшті қанатты,  
Мен жастарға сенемін!»

Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға ар  
Мен жастарғат сенемін!

М. Жұмабаев атамyzдың осы бір өлеңі өрелі жастарға, өнегелі ұрпаққа ұлы жеңісті аманаттап тұрған тәрізді.

Ұлы жеңіске-ұлы аманатты арқалаған ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сындарлы саясатымен елімізді, жерімізді « қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» дамытып, көркейтуде.

9 мамыр-бұл мереке ғана емес,бұл ауыр еңбек,бұл халықтың батырлығы.Біздің парызымыз, азаматтық міндетіміз Отанымыздың,еліміздің жеріміздің нағыз патриоты болу,келер буынды отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Осы шығармамды қорыта келе өзіммен қатар құрбы-құрдастарыма Егеменді еліміздің еңсесін биік ұстап,бабалар өсиетін орындайық дегім келеді.Ол үшін Б. Момышұлының «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген нақыл сөзін естен шығармағанымыз жөн.Сонымен қатар Саққұлақ би: «Адамның басшысы –ақыл, жетекшісі-талап, шолушысы-ой, жолдасы-кәсіп, қорғаны-сабыр, қорғаушысы-мінез, сынаушысы-халық», -деп бірнеше сөзбен-ақ тәрбиенің жүйесін белгілеп берген.Қазіргі қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін тәрбиеге аса көңіл бөлу керектігін мойындаймыз.Кешегі сұрапыл соғыстарда болашақ үшін яғни біз үшін жанын құрбан етіп бейбіт өмір сыйлаған батыр бабаларымыз қаны текке кетпесе екен!Қыздарымыз болашақ ана,ұрпақтың ұйытқысы, ер жігіттеріміз еліміздің,жеріміздің қорғаны екенін ұмытпаса екен.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сен қазақсың! Қазақ едің туғанда  
Онда дүние тағлымынан үлгі алда  
Ата-жұрттан ана тілден айырлма  
Төбенде күн, төменде жер тұрғанда!

**Қайдарова Жансая**

Алматы облысы, Талдықорған қаласы  
№ 24 лицейдің 10 сынып  
Жетекшісі: Нұрғожаева Б. Д.

### **Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес**

Ұлы Отан соғысы талай адамның қаны төгілген майдан алаңы. Соғыс - жер үшін, кейінгі ұрпақ келешегі үшін, елдің намысы үшін жауапты майдан. Бірі атасынан, бірі әкесінен, бауыр – қарындастарынан айырылса, бірі ұлынан айырылған сұрапыл жылдар. Бірақ азапқа толы сол жылдардың өз нәтижесі, тарихы, маңызы бар. Жеңіске жеткен сол күнді одақтас он бес ел, соның ішінде қазақ елі де 71 жыл бойы тойлап келеді. Ол ешнәрсе де, ешкім де тарих беттерінен өшпейтінінің, халықтың жүрегінен де, жадынан да мәңгі орын алатынының белгісі.

Бұл соғысқа қазақ елінің тікелей қатысы жоқ деушілер де бар шығар. Бірақ бұл оймен мен мүлдем келіспеймін. Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстан үшін де бұл соғыстың маңызы зор. Қызыл армиядағы қазақ жауынгерлері алдыңғы шепті басқарып, Брест қамалынан Берлинге дейін барды. Қазақ жауынгерлерінің ержүрек, өжет мінезі мен жауынгерлік шеберлігіне барлық өзге ұлт өкілдері тәнті болған. Оған дәлел бес жүз қазақ жауынгері Кеңес Одағының батыры атағын алған. Осындай мақтануға тұрарлық деректерді тарих, әдебиет беттерінен кездестіргенде бір ерекше сезім пайда болады.

Ал Жеңіс күнінде қуаныш, мақтанышқа толы айрықша көңіл – күй жүрегінді баурайды. Дегенмен, қарттар мен ересек жандардың көңілдері босап, көздеріне жас толады. Қуанышты күні жас алуларының себебі: бір мезет көз алдарына сол соғыс уақытын елестетіп, оққа ұшқан талай қазақ бауырларын естеріне алады. Бұл соғыстың қуанышы мен азабы ел жадында қатар жүреді.

Соғыс кезінде көзге түскен, ешқашан халқы ұмытпаған ержүрек батырымыз - Бауыржан Момышұлы былай деп жазыпты: «Нағыз жауынгер тәрбиелеуде дәстүрдің алатын орны зор». Барлық елге танылған батырымыз өзінің ерлігін халқының дәстүрінің арқасында деп жазса. Демек, біздің, кейінгі ұрпақтардың басты міндеті – халқымыздың тарихы, ержүрек батырларымен қатар дәстүрін де құрметтеу. Салт-дәстүріміз - ұлт болуымыз үшін, дініміз – адам болуымыз үшін, тіліміз – қазақ болуымыз үшін қажет екендігін ұмытпауымыз керек.

**Қазан Нарбол**

2 сынып, Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп- гимназия

Ақсу ауданы

Жетекшісі: Данабатырова Н.И

### **Ерліктері ешқашан өлмейтін аталарымыз**

Мен Қазан Нарбол, 2014 жылы Қытай жерінен өзімнің Отаныма, ата-бабамыздың кіндік тамған жеріне көшіп келдім. Ол кезде мен небәрі төрт жастан бес жасқа қараған шағым еді. Жасым бестен асқан кезде мен аудан орталығындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы орта-мектеп гимназиясының мектепалды даярлық сыныбына қабылданып, қазір осы мектептің 2 «Б» сыныбында оқып жүрмін. Сол кезден бастап ұстазым Нурхия Иембергенқызының әр айтқан сөздерін құлағыма құйып, бойыма сіңіріп өсіп келемін. Қазақ елі, жері туралы, тарихы мен ұлы тұлғалары жайында көп мағлұмат алдым.

Елімізден шыққан қаһармандарымыз жайлы жүректен шыққан сөздерімді, өз ойымды ақ қағаз бетіне былайша түсірдім.

Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл толып отыр. Кеңес Одағының батырлары – Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов және жерлестеріміз Есмұрат Сикымов пен Нұрсұлтан Есеболатов сияқты көптеген аталар Ұлы Отан соғысына қатысқан. Бұл кісілер өз өмірін қия отырып, біздің Отанымызға азаттық алуына көмектесті. Сөйтіп, қазақ елінің мақтанышына айналды. Біз батыр аталарымыздың ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз. Олардың рухы өлмейді. Қазақстанның біз сияқты жас жеткіншектері Отанымыздың тұтастығын, елбасы айтқан «мәңгілік ел» идеясына берік болып, Отанымызды қорғаймыз. Кеңес Одағының батырлары сияқты қайтпас жүрек, жоғары рухты, батыр ұл мен қыз болып ер жетуіміз керек.

**Капсаямов Ерасыл**

4 сынып, Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп- гимназия

Ақсу ауданы

Жетекшісі: Кусаинова Г.А

### **Жеңіс... арман болған, Жеңіс!**

Осыдан 75 жыл бұрын, таң ата бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап, жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттар ағылды. Кеше мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер соғысқа сұранды, аталар мен әжелер зар қақсады. Барлық жастар майданға, Отанын қорғауға ағылып, асықты. Ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Олардың Отаншылдық, патриоттық сезімі қолына қару алып, сапта тұрған көптеген солдаттардың, ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі, рухы мен қайсарлығы жеңісті бір табан жақындата түсті. Сұрқия соғыс біздің Қазақстанда аттап өтпегені баршамызға мәлім. Сан миллиондаған адамдар минуттап, сағаттап жеңісті сарыла күтті. Әйтеуір жеңіс келді. Үміттері мен сенімдері, армандары орындалды. Осы жеңіс жолында Отан үшін от кешіп, миллиондаған адамдар, асыл азаматтар, батыр аналар мерт болды. Жауларымен жан аямай күресіп, ерліктің ерен үлгілерін көрсете білді.

Әйгілі қолбасшы, соғыс батыры, жазушы Б.Момышұлы «Соғыс қазақ халқының тарихын күрт өзгерткен, бұрылыс әкелген. Миллиондаған отандастарымыздың арасында өшпес із, жазылмас жара қалдырды», - деп өз ойын айтқан.

Ұлы Отан соғысы халық өмірі мен тағдырымен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз ешқашан жадымыздан өшіре де, сыза да алмаймыз.

Соғыс! Тау мен тасты қопаратын алапат күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал.

Майдан алабындағы бозбалалар мен бойжеткендер қолдарына қару алып, елін қорғауда, он бес-он алтыға толған жасөспірімдер тыл майданында еңбек етуде, майданда оққа ұшқан солдаттар мен офицерлер, жарынан айырылған әйел, зар еңіреп майданға асығып, көмек көрсеткен, белін жазбай еңбек еткен ана, үйіне қара хат келген, қайғыдан қан жылаған отбасы, баласының өліміне сенбеген, келер деп үміт артып, үмітін үзбей, алысқа сағына сарғая қараған ана, соғыстан оралса да қолынан, не аяғынан айырылған жігіттер, жастайынан әкесінен, яки шешесінен айырылған балалар, қақаған қыста отын таппай, бүрсеңдеп пешке тығылған, көздері жәутеңдеген бір топ балалар, - міне осы нағыз соғыс келбеті. Осындай жағдайды ойласам, көңіл күйім түсіп, көзімнен еріксіз ыстық жас тамады. Мұндай соғысты кім қалайды? Мен

соғыстың болмағанын тілеймін. Біз қазақтар мәңгі біргеміз! Бұл біздің ең басты қаруымыз және байлығымыз!

Мен соғысты жек көрем! Соғыс тек қайғы, қасірет пен жоқшылықты әкеледі, соғыс қаншама адамдардың өмірін жалмап, сан миллиондаған жастарды қыршынынан қиды.

1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Қазақстан әлемнің саяси картасынан ойып тұрып орын алды. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі бүкіл әлемді таң қалдырып, мойындатты. Оған ата-бабаларымыздың қосқан үлесін, қаһармандық ерлігін – біз мақтан тұта айта аламыз. Олардың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты, яғни бізді Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жаугершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді.

Ер есімі-ел есінде мәңгі сақталады. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қашан да қастерлеп, құрмет тұтады. Біз өз ата-бабаларымызды мақтан тұтамыз, себебі олар біз үшін алты малтаны ас етіп, толарсақтан қан кеше жүріп, етігімен су кешіп, қасық қандары қалғанша күресіп, бізге Жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі, ерлігі және көпұлтты халықтардың достығы мен бірлігі себепкер.

Ұлы Жеңіс он бес ортақ мемлекеттердің мерей тойы. Бізге жарқын болашақ пен бақытты ғұмыр сыйлаған асыл кісілердің есімі мәңгі сақталады. Сол кісілердің арқасында бейбіт өмірімізге нұр шашылуда. Біздің жарқын өмір сүруімізге жағдай жасаған офицерлер мен солдаттардың үмітін ақтауымыз керек. Біз, қазіргі ұрпақ, ата-бабаларымыздың алдында тағзым етіп, құрметтеуіміз адамгершіліктің белгісі болып саналады.

Келесі ұрпаққа жарқын болашақ сыйлау, өз қолымызда. Менің ойымша Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездесіп, кездеспегеннің өзінде газет-журналдардан оқып, сол кездегі фильмдерді көріп жайбарақат отыра алмайды деген ойдамын. Бұл соғыс бізге Отанымызды құрметтеуді, қастерлеуді, тіліміз бен дінімізді жоғалтпауға, жерімізді сақтауға, туған-туыс ағайынды, достарымызды бағалай біліп, біздің өмірімізде маңызды роль атқара отырып, жоғалтсақ жанымызға жара түсіретінін көрсетті. Соғысқа қатысқан Қазақстан жауынгерлерінің саны сол кездері бір миллион алты жүз мың болса, ал қазіргі уақытта олардың саны күннен күнге азаюда.

Қарттардың қазіргі қоғамдағы рөлі ерекше. Оған жарқын мысал, жастардың ардагерлерге деген құрметі мен сыйластығы, аянбай көмек қолын созуы. Мемлекет те ардагерлерге бар жағдайларын жасауға тырысып бағуда.

Алтын ұяң – Отан қымбат,  
Құт-берекең-атаң қымбат.  
Туып-өскен елің қымбат  
Кіндік кескен жерін қымбат

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қаз дауысты Қазыбек атамыз өте дұрыс айтты. Әрбір адамға туып өскен Отаны қымбат. Менің Отаным маған өте ыстық. Мен жырақта жүрсем, көруге асығамын, сағынамын. Мен өз Отанымды өте қатты жақсы көремін! Отанымды көркейтіп, өркендету үшін сабағымды жақсы оқып, көп еңбектеніп, өз үлесімді қосуға бар күшімді саламын. Мен ата-бабаның, ата-анамның, ата-анамның, туған-туысымның, дос-жарамның үмітін ақтағым келеді. Сол үмітті ақтауға тырысамын, бүкіл күш – жігерімді салып, уәдемді орындаймын. Мұндай іске біздер, Қазақстанның азаматтары бір-бірімізге көмектесеміз деп ойлаймын. Сол үмітті ақтауға тырысамын, бүкіл күш-жігерімді салып, уәдемді орындаймын және еліміздің барлық жастарын шақырамын.



**Қожабек Аяна**

9 сынып, Т.Тоқтаров орта мектебі  
Ақсу ауд., Сағабүйен ауылы  
Жетекшісі: Махсат Н.М.

### **Ұлы Жеңіске 71 жыл!**

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес! Соғыс – барды жоқ ететін, тауды жер ететін күйретуші күш! Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап, жұтатын ажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиохабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеге жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр.  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Біз Ұлы Отан соғысында қайсар ерлікпен жеңіске жеттік. Бұл жеңістің басты себебі, әрине халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы. Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып Отанын қорғады. Қаншама халық бір туың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ – ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал, айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Соның ішінде біздің мектепке аты берілген Төлеген Тоқтаровтың жаудың 150-ден астам әскері мен офицерін жойғандығын, батыл да бекем қимылдайтын автоматшы болғандығын және

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жуынгерлерді сан рет жауға бастап шыққандығын ешқашан ұмытпаймыз! Ер есімі – ел есінде мәңгі сақталады! Біз үшін, Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлаған ата-апаларымды мақтан тұтамын!

Ұлы Отан соғысына Қазақстан одақтық мемлекет – КСРО-ның субъектісі ретінде қатысты. Соғыс қарсаңында ол қомақты адами және стратегиялық маңызы бар аса мол табиғи ресурстарға иелік ететін еді. Мейлінше бүлінген күйде болса да, социализм тұсында Қазақстанда таптық және ұлттық езгі, сауатсыздық пен ортағасырлық артқаалушылық жойылды, әйелдердің теңдігі жарияланды, ұлттық татулық пен келісім ұраны көтерілді. Бұл жетістіктерге жету жолында патриоттық дәстүрлерінің маңызы зор болды. Қазақ халқы ғасырлар бойы өзінің ұлан-ғайыр даласын мүмкін болар агрессиядан қорғай білді.

Жауынгер ерліктері ешқашанда ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындағын мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік.

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары ретінде достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың таныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», - дегендей Ұлы Жеңістің 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде Отан үшін, біздің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз! Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түкпірінде сақтаймыз!

**Құрманғали Назерке**

7 сынып, №38 мектеп-гимназия

Іле ауданы

Жетекшісі: Есенғұлова Ғ.М.

### **Соғыс арифметикасына үңілсек...**

Адамзат тарихында айрықша орын алатын Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толғалы отыр. Ұлы Отан соғысы! Ұлы Жеңіс! Осы екі сөз бір-бірінен ажырағысыз. Қазір кім қалай десе де Кеңес Одағы бақайшағына дейін қаруланған фашистік Германияны тізе бүктіріп, тек өздерін ғана емес бүкіл әлемді құлдық бұғаудан құтқарып қалды. Ұлы Жеңіс бізге оңайға түскен жоқ. Оған 35 миллиондай адам қатысып, соның 20 миллионнан астамы опат болды. Қазақстандықтар бұл сында қаһармандық көрсетті.

Кеңес әскері шайқастың алғашқы күндері тәулігіне 24 мыңдай адамнан ажырап отырды. Сөйтіп алты ай ішінде шығын 3 миллион 138 мыңға жетті. Офицерлер құрамы Қазақстанда даярланған кадрлар есебінен толықтырылып отырылды. Елімізге уақытша көшірілген оқу орындары түлектерін қоса есептегенде орта есеппен 60 мыңдай офицер мен 25 мыңдай сержант бізде, әзірленіп шықты.

Елімізде 12 атқыштар дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы мен 4 атты әскерлер дивизиясы жасақталды. Сондай-ақ 2 артиллерия, 4 миномет, 3 авиаполк, 14 арнаулы батальон мен рота құрылған.

Соғыс жылдары майданға 13131 жүк автокөлігі, мыңға тарта жеңіл мәшине, 1538 шынжыр табанды трактор, 110428 сәйгүлік және 16125 жүк тартатын аттар жіберілді.

Қазақстандықтар тылда да аянбай еңбек етті. «Бәрі де майдан үшін, Жеңіс үшін» деп күні-түні жұмыс істеген тыл еңбеккерлері бүкілхалықтық қорғаныс қорына 4 миллиард сомнан астам қаржы аударған. Алғы шепке 1600 вагон сәлемдеме мен сый-сияпат жіберген. Соғыс жылдары елімізге эвакуациямен келген зауыт-фабриктер жұмыс істеп, майданға қажетті қару-жарақ пен тауарлар жіберген.

Ұлы Отан үшін қар төсеніп мұз жастанған, әр төбе үшін алысқан, жауды жеңуге жарысқан, серттен таймаған, сырын жатқа жаймаған талай боздақ мәңгі қайтпас сапарға аттанған бұл соғыста. Соғыс алдында Қазақстанда 6,2 миллион халық тұрса, одан 1 миллион 700 мың боздақ әскерге аттанып, 700 мың сарбаз еңбек армиясына жіберілген. Деректер мен дәйектерге сүйенсек әрбір төртінші қазақстандық мылтық асынса, оның жартысына жуығы соғыс даласында ерлікпен қаза тапты, елге оралмады, шаһид болды. Елге оралғандардың көбі майдан даласында өзінің бір мүшесін қалдырып, қол-аяғын беріп келді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Осылай туған топырағына бір мүшесінен айырылып оралған батыр ұлды ақын атамыз Әбу Сәрсенбаев былай суреттейді:

«Сен құрметте оны! Түсіндің бе, қарағым? Сенің келешегің үшін берді ол, Азаттық жолында аяғын!».

Ұлы Отан соғысы тарихының тағы бір ащы беті бар. Сол жылдары Қазақстанға 361 мың Волга бойының немістері, 507 мың балқарлар, чешендер мен ингуштар, 110 мың месхеті түріктер, 180 мың қырым татарлары жер аударылды. Еш кінәсі жоқ бұл адамдарды қазақтар құшақ жая қарсы алып, соңғы үзім нанымен бөлісіп, майдан үшін қосыла еңбек етті.

Бұл зұлматтың зілбатпан жүгін, оның жүйкеге түсірген ауыр салмағын, қан жұтқызған қасіретін, көл боп аққан көз жасын, аяқ-қолы тілім-тілім болған тылдағы адамдардың еңбегін қарапайым сандар ақылы не пайыздық көрсеткішпен болжау, санап жеткізу, жазып тауысу мүмкін емес. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында отты жылдары Отан үшін от кешкен боздақтар рухына бас иіп, олар көрсеткен ерліктің сипаты мен мәні туралы ойлану, пайымдау-біздің адами парызымыз деп білемін. Бұл соғыста біздің аға ұрпақ ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Қазақ ССР-інде құрылған көптеген әскери құрамалар ұлы шайқастың жылнамасына даңқты беттер жазып қалдырды. 316-(Панфилов атындағы 8-гвардияшылар дивизиясы), 238-(30-гвардияшы) және 312-атқыштар дивизияларының Москва түбінде болған шайқастарда, 29-(72-гвардияшы) және 38-(73-гвардияшы) дивизиялардың Сталинград түбінде, Курск доғасында, Днепр өзенінен өткен кезде, 310 және 314-дивизиялардың Ленинград қаласы үшін болған ұрыстарда даңқы шықты.

Қазақстандық 500-дей солдат пен офицер, оның ішінде 111-і қазақ Совет Одағының Батыры деген жоғары атаққа ие болды. Оның 280-і орыс қалғандары басқа ұлт өкілдері.

Бауыржан Момышұлы, Бақтораз Бейсекбаев аталарымыз бен Хиуаз Доспанова апамызға да осындай даңқты атақтар бейбіт кезеңде берілді. Олардың бәрі де Отанын шексіз сүйіп, көпшілігі Отан үшін өмірін құрбан етті.

Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдары бірте-бірте алыстап барады. Бірақ, адамзат дүние жүзін фашистік құлдықтан азат еткен халықтың ғажайып ерліктерін ешқашан ұмытпақ емес. Аға ұрпақтың даңқты жолы оттан ыстық Отанды бар жан-тәніңмен сүюдің шын үлгісі дегім келеді.

Лазгиева Милана

8 сынып, Н.Әлімқұлов атындағы орта мектеп  
Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы  
Жетекшісі: Алишева А.У.

### Өмірі - ұрпаққа өнеге

Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл. 30-жылдардағы әлемдік дағдарыс көптеген мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және халықаралық қатынастарын шиеленістірді. Бұл жағдай әлемдік билікке талпынған күштердің пайда болуына жол ашты. Осындай күштердің ішіндегі ең қауіптісі – Германияда орнаған фашистік тәртіп еді. Батыс мемлекеттері тарапынан ұйымдасқан қарсылықтың болмауы фашистік агрессияның күшеюіне жол ашты. 1937 жылы фашистік мемлекеттер – Германия мен Италияның милитаристік Жапониямен әскери-саяси одақ құруы екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келді.

Екінші Дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаны жаулап алуымен басталды. Англия мен Франция Германияға соғыс жариялағанымен, батыс майданда белсенді іс-қимыл танытпады. Бұл жағдайды Германия өз мүддесіне пайдаланып, 1940 жылы Дания, Норвегия, Нидерланды, Люксембург мемлекеттерін еш қарсылықсыз жаулап алды. Бельгияны жеңгеннен кейін, негізгі күштер талқандалды. Нәтижесінде Франция Германиямен бейбіт келісімге қол қойса, Англия АҚШ-тан көмек сұрауға мәжбүр болды.

КСРО-ға қарсы соғыс жоспары “Барбаросса” деген атпен белгілі. “Барбаросса” жоспары 4 әскери топтың келісілген іс-қимылына негізделді. Финляндия фельдмаршалы Маннергейм мен генерал фон Дитла басқарған Финляндия тобы Мурманск, Беломорск, Ладогоға бағытталды. “Солтүстік” тобына (басқарған генерал фельдмаршал фон Лееб) Ленинградты басып алу жүктелді. Генерал-фельдмаршал фон Бок басқарған ең күшті “Орталық тобы” Москваға бағытталды. Генерал-фельдмаршал фон Рундштенд бастаған “Оңтүстік тобы” Украинаны басып алуға тиіс болды. Фашистік Германияның Кеңестер Одағын жаулап алу жоспарында Қазақстанға үлкен мән берілген. Осы мақсатпен Атлантикадан Сібірге дейін біртұтас Герман этнотерриториялық кеңістігін құру көзделді. Бұл территорияны славян халықтарынан тазарту және түрік-моңғол халықтарын жою көзделді. Сонымен қатар фашистік Германияға қызмет ететін Қарағанды, Новосибирск, Кузнецк индустриалды облыстарын құру жоспарланды.

Сонымен Батыс Еуропадағы әскери іс-қимылды аяқтаған фашистік Германия Кеңестер Одағын басып алуға дайындықты бастайды.

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия әскері Кеңес Одағына тұтқиылдан, соғыс жарияламастан басып кірді. Кеңес халқының Ұлы Отан

соғысы, яғни Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Кеңестік әскери күш бейбіт уақыт жоспарына сай орналасқандықтан, соғыс қимылдары басталған территорияға тартылуы барысында, жау соғыстың алғашқы бес айында мемлекеттің 5% халқы тұратын аудандарын жаулап алды. Осыған қарамастан шекарашылар, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Брест шекаралық отряды жауынгерлердің құрамында жаудың алғашқы соққысына А.Мүсірепов, В.Лобанов, К.Абдрахманов, К.Иманқұлов, А.Наганов, Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров, Т.Деревянко, Қ.Батталов және басқа қазақстандық жауынгерлер қарсылық көрсетіп, айрықша ерлікпен көзге түсті.

Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар жасақталып, майданға аттандырылды. Қазақстан территориясында жасақталған әскери құрылымдар соғыстың алғашқы күндерінен бастап, жаумен ерлікпен шайқасты. Әсіресе, Москва түбіндегі шайқаста қазақстандықтар үлкен құрметке ие болды. Москва бағытындағы негізгі жолдардың бірі – Волоколамск тас жолын қорғауда Алматыда жабдықталған 316-атқыштар дивизиясы генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен теңдесі жоқ ерлік танытты. Қысқа уақыт ішінде дивизия жауынгерлері жаудың танк, моторлы және екі жаяу әскер дивизияларын талқандады. Москва түбіндегі шайқаста әсіресе саяси жетекші В.Г.Клочков басқарған бөлімше – 28 панфиловшылар жаудың 50 танкісіне тойтарыс беріп, асқан ерлік көрсетті. 1941 ж. 17 қарашада дивизияға 8-ші гвардиялық деген атақ беріліп, кейінірек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, ал Риганы жаудан азат еткені үшін екінші дәрежелі Суворов орденімен марапатталды. Бұл шайқаста ерлік танытқан 28 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Сонымен бірге Волоколамск түбінде үлкен ерлік көрсетіп қаза тапқан талантты қолбасшы, қаһарман командир И.В.Панфилов “Барбаросса” жоспары жүзеге аспағаннан кейін, 1942 жылы Германия Кеңестер Одағын басып алу мақсатында жаңа жоспар қабылдады. Бұл жоспар бойынша фашистер негізгі күшін Сталинград пен Кавказды басып алуға бағыттады. Сталинград пен Кавказды басып алу операциясына фашистер құпия дайындалып, оған “Блау” деген ат қойды.

Жау 1942 жылдың шілде айында Сталинград бағытына 42 дивизия, тамызда – 69, ал қыркүйекте – 81 дивизия аттандырды.

1942 жылдың 19 желтоқсанында Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында қарағандылық ұшқыш Н.Әбдіров өзінің оқ тиіп өртенген ұшағын жау танктері шоғырланған жерге бағыттап, экипажымен бірге ерлікпен қаза тапты. Н.Әбдіров, минометші К.Сыпатаев пен Р.Рамазанов Сталинградты қорғаудағы ерліктері үшін Ұлы Отан соғысы батыры атағына ие болды.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқардардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына шағатын болсақ, қазақтардың шығыны көршілес өзбек, татар, азербайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары. Бұл пайыздық шығын жағынан қазақ халқы өз жерінде соғыс қимылдары болған орыстармен, украиндермен, белорустермен деңгейлеседі.

Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алу Отанын қорғауда қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

"Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!



**Нүсіпжанова Ажар**

11 сынып, №1 мектеп-гимназия,

Сарқан қ.,

Жетекшісі: Кажиева А.М.

### **Ұлы Отан соғысына 71 жыл**

1941 жылғы 22 маусым – тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Жетпіс бір жыл бұрын осы күні Ұлы отан соғысы басталды. Таң қылаң бере фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында қалам ұстап отырған оқушылар мен студенттер қаламдарын қаруға ауыстырып, қан майданға аттанды.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың адам қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтарылуы керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі сол беларусь жерінде қалып қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен-ақ жұдырықтай жұмылып, бір адамдай қызмет етті. Республиканың түкпір-түкпірінен әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақ шақырылған. 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да әскери құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқаста 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдар әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды. Ал Қазақстан аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орыны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған көрінеді. Соғыста жеңуге қазақтардың үлесі жоғары деуге негіз бар. Себебі, жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының батыры, 100-ден аса адам

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

«Данк» орденінің толықтай иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес одағының батыры атанды. Олар: Т.Бигелдинов, С.Луганский, И.Павлов және Л.Беда.

Кеңес Одағы батырларының арасында шығыстың қос шынары- мерген Ә.Молдағұлова мен пулеметші М.Мәметова бар. Жеңіс туын фашистердің биігіне қадаған да қазақ- Р.Қошқарбаев. Жаудың тылында, партизандардың қатарында да қазақ жауынгерлер бар. Солардың бірі- Қ.Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыс кезінде тыл еңбекшілерінің қызметі де өте жауапты жұмыс болған. Соғысқа қап-қап астық, ет, киім-кешек жіберіп отырған дәл осы тыл қызметкерлері. Тылда тіпті мектеп жасындағы және оданда кіші балалар көмек көрсетті. Барлығы арып-ашып, қабырғалары қайысса да, «Барлығы майдан үшін! Барлығы Жеңіс үшін!» деп ұрандатып жан аямай еңбек етті. Онымен қоса 10 оқтың тоғызы қазақстанда жасалған деген құнды дерек бар. Яғни осыған қарағанда қазақ жерінде тіпті металлургия да дамылдамаған.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандар туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндіргені анық. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиған. 1710 қала 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31850 кәсіпорындар, 65 мың шақырым теміржол, 4100 теміржол станциясы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон станциясы және басқа да байланыс бекеттері жермен жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана, 74 мыңдай оқу орындары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойылып жіберілген кейбіреулері тоналған.

Міне, осылай Кеңес халқы мен оның Қарулы күштері бұдан 71 жыл бұрын адам баласының қас жауы фашизмді осылай талқандады. КСРО-ның Ұлы Отан соғысында өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, Европа халықтарын фашизмнің қанды шеңгелінен құтқарып, жеңімпаз халық атанды. Өткен азапты жолдың ауыр сабақтарын халық ешқашан да ұмытпайды. Оның ауыр сабақтары біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды ерлікке, қырағылыққа баулып, жарқын болашағымызды қорғауға әрдайым дайын тұруға шақырады. 9 мамыр күні Қазақстанның барлық қалаларында Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға құрмет көрсетіліп, Жеңіс мерекесі тойланады. Біз бұл күнді мәңгілік тойлаймыз. Себебі, ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес.

Сағынғали Нұрай

10 сынып, Алтын ауыл орта мектебі  
Қарасай ауданы, Қаскелең қ.  
Жетекшісі: Абдирова Р.М.

### Менің халқымның өміріндегі соғыс тауқыметі

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ  
біздің кек отымыз қандай темірді болса  
да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің  
үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар,  
ол – Отанға деген сүйіспеншілік.

Бауыржан Момышұлы

Өмірі - ұрпаққа өнеге.  
Соғыстың аты соғыс қой,  
Жалмады талай арысты.  
Мылтықтың оғы босқа ұшпай,  
Өлім мен өмір алысты.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио-телехабарлар, кинолар: аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері 70 жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр,  
Бірі мініп, келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді  
Ел, ер болып сақтаймыз.  
Сенен аяр жан да жоқ,  
Барлығы да сен үшін,  
Саған қауіп төнгенде,  
Жау таянып келгенде,  
Қамсыз тыныш жатпаймыз.  
Алпыс ұлттың адамы,  
Қол ұстасып үн қосып,  
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін-жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді.

«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек.

Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал

кұшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен, әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды. Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берілді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрметі еді. Оның:

Ежелден ер тілегі – ел тілегі,  
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі

- деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуандық. Ержүрек батырдың кітаптарын оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқына деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын.

Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларын оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіне, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығына таң қаламын. Шығармаларында әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, Тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы, жарқырап жанған күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», – деген өсиетіңіз ойға оралады. Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен карап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?!

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы»-деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.



Садықова Айнұр

7 сынып, №38 мектеп-гимназия

Іле ауд.

Жетекшісі: Есенғұлова Ғ.М.

### Болашаққа аманат

Біз, бүгінгі мектеп оқушылары Ұлы Отан соғысы жайында оқыған кітаптардан, тарихи фильмдерден ғана білеміз. Соғыстың адамзат үшін әкелген қасіреті жайлы жан түршіктіретін деректерге көз жүгіртер болсақ, «Советтер одағы» деп аталатын алып империяның құрамында болған менің елім де қаһарлы жылдардың ауыр жүгін өзге халықтармен теңдей көтерісті. Асыраушы азаматтары майданға кеткен отбастарындағы аналар мен балалардың, қарттардың көрген азабын, шеккен қасіретін тіпті ғасырлар бойы айтып та, жазып та түгесу әсте мүмкін емес.

Майданға 1 миллион 700 мыңдай сарбаз аттандырып, тылда қалған аналар мен қарттар, балалар өз ошақтарының отын өшірмей, түтінін түзу түтетіп, соғысқа кеткен азаматтарын соңғы демі біткенше зарығып күтумен болды. Басқа түскен қиындықтарға олар ешбір жасымады. Керісінше, майдангерлерге материалдық та, рухани да қолдау көрсетіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға бар күш-жігерлерін салды. Үлкен үмітпен батыс жаққа елеңдеген көздер, жасқа толы жанарлар, сағыныштан езілген жүректер, аштық пен жалаңаштықтың бетін бүркей жүріп, күні – түні егіс басында, қырманда, азын-аулақ мал соңында тырбанған қарттар мен буыны бекімеген балалар сол зұлмат жылдардың мен оқып білген бейнелері. Майдангер ақын Сырбай атамыз сол кезді былай суреттейді:

Жаутаңдап қарап дала тұр,  
Көз жасын сүртіп жаңа бір.  
Хабарсыз ұлын сұрауға  
Жолыңды тосып ана жүр.  
Қанша үйдің ұрлап адамын,  
Қанша үйде сөніп қалды оттар.  
Көрдің бе ұлын ананың,  
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кешікпей жарым келер деп,  
Төрінен сайлап орынды.  
Батысқа қарап елеңдеп,  
Ару жүр тосып жолыңды.  
Көтерді бәрін ауырдың  
Азамат болып арды ақтар.



Көрдiң бе жарын арудың,  
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кетерде солдат жарының,  
Ішінде қалған ана жыл,  
Көкемді айтпай танырмын,  
Деп бiр сәби бала жүр.  
Қайрылмай қалай кетесiң,  
Хабарсыз қалай ол тоқтар.  
Көрдiң бе оның көкесiн,  
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Осы өлеңдi оқығанда көмейiм тығылып,көзіме еріксіз жас толады. Өз әжеме,анама,әкеме, атама қарап , бар жан дүниеммен тым қорқынышты күй кешемiн. Ұзақ уақыт өздеріне ең жақын, жаныңдай жақсы көретiн жанды отбасы түгел үздiге күтiп,жолын тосады.Жас бала болса көкесiн айнытпай танитынына сондай сенедi,өзгелердiң де оған сенгенiн қалайды. Иә,сенедi. Мен де сол баланың көкесiнiң майданнан оралып келетiнiне сендiм.Сол сенiм сол бiр қаһарлы жылдарда жанға қуат,көңiлге демеу болған күдіреттi күш едi.Сол сенiм,сол адалдық,сол тазалық,сол бiр аңғал пейiлдер әр ошак басындаүстемдiк құрды.Олар мойымады.Қиындық атаулының бәрiн көре тұра жол тосумен болды.Майдангер ұлдан,әкеден, жардан хат күттi,келетiнiне сендi.Күте тұра өзге бiр жаманат хабардан қорқып,тайсақтап та жүрдi.

Қиын едi,қиындыққа көнушi ек,  
Көне жүре жеңіске бiз сенушi ек.  
Хат тасушы қартты асыға күтсек те,  
Көрген жерден тайқып шыға келушi ек!  
Жалпағынан басып майдан жалғанды,  
Жаралы жұрт үмiтпенен алданды.  
Хат тасушы жеткізген жат хабардан  
Ұнатушы ек хабарсыз-ақ қалғанды.

- деп суреттейдi бұл бiр дәрменсiз сәттердi Қадыр ақын.

Иә, сенiмнiң,үмiттiң ақбоз атын ерттеп мiнiп, ерекше төзім мен сабырды азық еткен ақжүрек ,ақ тілеулi сол бiр жандар отты жылдардың ауыр жүгiн артқа тастап, тарихты дүр сiлкiндiрген Ұлы Жеңісті де көзбен көрдi. 1481 күн мен түнге созылған қаһарлы соғыс аға ұрпақтың даңқты жеңісімен аяқталды. Бақайшағына дейiн қаруланған фашистiк Германия жеңiлдi.

Сөйтiп миллиондаған боздақтың өмiрiн қиған екiншi дүниежүзілік сұрапыл соғыстың тамырына балта шабылғанына биыл мiне,71 жыл!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ұлы Жеңіс-аға ұрпақтың қанымен, тылда қалған аналар мен жас балалардың төгілген көз жасымен келген басты құндылығымыз .Олардың ерлігіне тағзым етіп, бас июмен бірге болашаққа аманттау біздің мәңгілік парызымыз деп білемін.

**Сәкен Еркін**

5 сынып, Жалаулы орта мектебі  
Райымбек ауданы, Жалаулы ауылы  
Жетекшісі: Бектурған А.Б.

### **Болмасын соғыс, болмасын!**

Жыл сайын мамыр айы туғанда әрбір адамзат ерекше күрсініспен еске алатын, сондай – ақ ерекше толқыныспен атап өтетін бір күн бар. Ол – Жеңіс күні! Биыл міне батыр бабамыз Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа Жеңіс туын тіккелі жетпіс бір жыл өтті. Алайда, жер әлемді дүр сілкінткен, әрбір бейбіт тұрғынның санасын сансыратқан «Бүгін, 1941 жылдың 22 маусымы, таңғы сағат төртте Германияның қарулы күштері соғыс жөнінде ешбір ескертпе жасамастан Кеңес Одағының шекарасын шабуылдады» деген хабарлама күні бүгінге дейін кеудеге үрей мен қорқыныш ұялатады. 1418 күн мен түн бойы Отан үшін сұрапыл соғыс жүрді. Соғысқа алынған әрбір сарбаз басын бәйгеге тігіп, ажалмен бетпе – бет келіп, жауына қасқайып қарсы тұра білді, ақтық демі таусылғанша айқастан тартынбады. Жеңіс жолында бірі бақытты балалығын, бірі жігерлі жастығын, бірі денсаулығын, енді бірі өмірін құрбан етті, талай жас қыршынынан қиылды, көптеген отбасы қара жамылып қалды. Еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен қолынан келгенше тылда тыным таппастан еңбек етті. Нәзік жанды әйелдер бір – ақ сәтте қайраттанып, балалар бір – ақ сәтте есейіп кетті. Сұм соғыс зардабын тигізбеген бірде - бір отбасы, жанына жазылмас жара салынбаған бірде – бір пенде жоқ. Жеңіс жолы қиын, азапты да ауыр болды. Бұл сұрапыл тек 1945 жылдың 9 мамырында аяқталды. Көгілдір көктеммен бірге, көптен күткен Жеңіс те жетті! Жүректерге үрей, жанарларға жас ұялатқан Жеңістің дәмі ащы болды.

Осы жалынды Жеңістің жолында менің атамның да еңбегі бар. Атам Сыдықов Қасейін Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалаулы елді мекенінде дүниеге келген. 1930 жылдан Албанда, Айт – Бозым руында алғаш мектеп ашқан Бозым баба атасынан оқыған, кейіннен Майлы Орманұлының Жалаулыда ашқан мектебінен дәріс алып, сауатын ашады.

1941 жылы атам да өзге ер – азаматтар секілді майданға аттанады. Ұлы Отан үшін болған қанқұйлы соғыста 575 – Атқыштар дивизиясының қатарында Сталинград қаласы үшін шайқасты. 1943 жылы қатты жараланған атам елге қайтады. Содан соң өмір бойы Ұзынбұлақ асыл тұқымды қой совхозында еңбек етті. 1954 жылы Алматыдағы есеп – қисап техникумына сырттай оқуға түсіп, «бухгалтерлік» мамандығын игереді. Атам ауыл ақсақалдарының төрағасы болып, ел ішінде тентектік жасағандарды тәртіпке шақырып, жолға салды. Ол артынан ерген ұрпақтарына еңбек еткен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

азаматтың есікте отырмайтынын қарапайым тіршілігімен дәлелдеген. Осы үлгісін құрметтеген елі Жалаулыдағы орта мектептен Қасейін Сыдықовтың атына, яғни менің атамның атына сынып ашты. Өкінішке орай, атам 2007 жылы шілденің бірінші жұлдызында дүниеден озды.

Атам Отаны үшін болған айқаста «Бірінші дәрежелі Даңқ» орденімен марапатталған. Ол кісі өмірден өткенге дейін ауыл ғана емес, ауданда өткен барлық салтанатты жиындар мен айтулы күндерден қалыс қалған емес, қайда барса да үлкен құрмет пен зор қошеметке бөленді. Мен атамның ерен ерлігін бүгінде өзімнің сыныптастарым мен достарыма мақтана айтамын.

Жақында Ұлы Жеңістің жетпіс бір жылдығын атап өтеміз. Бірақ, бұл Жеңістің біздерге қандай жолмен келгенін жадымыздан шығармауға тиіспіз. Сол кезде бар – жоғы он жетіде болған жалынды жігіт қазіргі таңда сексеннің сеңгіріне шыққан қарт атанды. Өкінішке орай, жыл сайын Жеңіс сыйлаған ерлеріміз бен тылда тынымсыз еңбек еткен жандар қатары кеміп келеді. Біздер, Отан үшін от кешкен сол батыр бабаларымыздың есімдерін ешқашан ұмытпауымыз керек. Мен өз халқымның ержүрек ерлерімен, ерен еңбеккерлерімен мақтанамын! Бүгінгі бейбіт күн үшін, бақытты балалығымыз үшін, арайлап атқан әрбір таң үшін, күлімдеп батқан әрбір күн үшін алғысымыз шексіз сіздерге, аяулы Ардагерлер!

Светхоалық Еркежан

9 сынып, Е. Жайсаңбаев атындағы орта мектеп

Ақсу ауданы, Қапал ауылы

Жетекшісі: Досымбекова Г. С.

### «Күркіреп өткен бір соғыс»

Біздің жүрегіміз темір емес,  
Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді  
болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады.  
Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз  
бар, ол – Отанға деген сүйспеншілік.

Бауыржан Момышұлы

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс-күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Соғыс-атауы құлаққа жағымсыз, тіршілікті қан жылататын, асты қайғы-қасіретке толы қаралы сөз. Осыдан 71-жыл бұрын жер бетін шарпыған сол сұрапыл Ұлы Отан соғысы еді. Неміс фашистерінің аңсап келген арманына батырларымыз 4 жыл ішінде қажымас ерліктерімен тосқауыл берді. Фашистер мақсаты жер бетін отарлап алу еді. Өзара одақ құрып бүкіл әлемді өздеріне қаратпақ болды. Тынышымен өмір кешкелі жүрген халықтың берекесін қашырды. Бұл соғысқа 61 мемлекет жан-жақтан атсалысты. Р. Қошқарбаев атамyzдың ерлігі тарихта өз ізін қалдырды. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигельдинов секілді батырларымыздың ерлігі арқасында тату өмірімізге, бейбіт заманымызға, қуанышты күнімізге жеттік. Сол батырларымыздың тағы бірі Бауыржан Момышұлы.

Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері. Ол 207 рет ұрысқа қатысты. «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды.

Мың құбылып тұрса-дағы бар маңы  
Адамзатты алға бастар Ар заңы!  
Мір оғындай Момышұлы Бауыржан  
Туа біткен туралықтың тарланы.

«Бауыржан жұлдызды болған күн-қазақтың жұлдызы жанған күн» -деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев оны халықпен бірге болғанын толғана, тебірене айтады. Ел басымыз елі үшін жанын пида қылғандарды ешқашан назардан тыс қалдырмайды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қолдан келген көмегін аямай ардагер аталарымызға жағдай жасап отыр.Бұл Ұлы Жеңіс-Қазақстан тарихының жарқын беттері.

Биыл-Ұлы Отан соғысының басталғанына 71-жыл:қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан ұмытылмайды! Біздің жерлестеріміз майдан даласында елі үшін,жері үшін, отаны үшін ерлікпен шайқасқан болатын.Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады.Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты.Республиканың барлық экономикасы өзгерді.Ер азаматтарымыз армияда болғандықтан, ауыр жұмыстарды әйелдер,қариялар істеуге тура келді.Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін,бәрі де Жеңіс үшін!»деген ұранмен еңбек етті.Ұлы Отан соғысының зардабы еліміздегі әрбір адамға,әрбір отбасына тиді десек қателеспейміз.Сонын бәріне,қандай қиындық болса да көнген халқымызға бас иеміз!Олар бізге бейбіт өмірді, шуақты күнді сыйлады.

Бейбіт өмірдегі батырлық пен соғыс кезіндегі батырлық екеуі екі басқа. Олар біреуді соққыға жығып немесе өлтіріп сияқты түрлі зұлымдық жасайды.Сол кезде ержүрек адам келіп,оны құтқарып,тіпті өзіне қауіп төніп тұрса да сол адамды құтқарып алды.Бірақ оған еш мойымайды.Мұндай батырлық жасау әркімнің қолынан келе бермейді.Сондықтан ержүрек,елі,жері үшін қандай жағдай болмасын тұратын батырларымызды құрметтеуіміз керек!Ел алдындағы борыштарын өтеп,еліміздің амандығын,жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз.Ардагерлер арқасында біз осы күнге жеттік.Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп,мектепте алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз, жайраңдап жүргеніміз-бәрі де сол Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі.Әрине, соғыс болмасын!Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық.Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық.Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болуға талпынуымыз керек!

Отан үшін жанымызды береміз,  
Отан үшін барлығына көнеміз.  
Отанның да,ананың да алдында,  
Осы өмірде парызды өтеп кетеміз.

Отан алдында парызын өтеу үшін,қазақтың қайсар да батыл жігіттері әскер қатарына барады.Ел алдындағы борышын орындайды. Кейбір нәзік жандыларымызда отан алдындағы парызын өтейді.Егер ер азаматтарымыз Отан алдындағы парызын өтемесе жігіт атына сын болар еді.Отан үшін ерлікпен қаза тапқандарды ел әр уақытта есінде сақтайды. Өйткені олар біздің бақытымызды қорғады.Отан үшін,ел үшін құрбан болады.Отанымыздың даңқы-ерлік пен қаһармандықтың даңқы.Біз оның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жүріп өткен ерлікке толы жолдарын, азаттық үшін күрескен ерлері мен батырларын ешқашан ұмытпаймыз. Қарттарды, майдангерлерді қадірлейік! Олардың есімі ел есінде мәңгі сақталады. Ұмытылмас тұлғалардың бейнесі біздің көкейімізде ұялап, мәңгі қала бермек.

Сол бір кезеңдегі күркіреп өткен соғыстың қара бұлтты сейілді. Біз қазір ұлан-ғайыр, қазақ елінде өмір сүреміз. Біздің осылай ойнап, күліп жүргеніміз сол батыр бабаларымыздың арқасында. Ел үшін талай-талай қиындықтарға шыдап, бізге осындай тәуелсізде ұлан-байтақ қазақ жерін қалдырып кетті. Бізде аманатқа қиянат жасамай қазақ елінің абыройын асқақтата беруіміз керек. Ел басымыз айтқандай бәріде жастардың қолында.

Сен неткен Отан-анам, ғажап едің  
Әспеттеп көркем тілмен жазар едім.  
Болашақ ұрпағыңның бақыты үшін,  
Жайнай бер, Ұлы Отаным-қазақ елім.



Серікбай Арнур

3 сынып, В.Г.Белинский атындағы орта мектеп  
Каскелен қ.  
Жетекші: Мамбетова К.А.

### Ардагер атама хат!

Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан киярлық ерлігі – Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге.

Н.Ә.Назарбаев

Сәлеметсіз бе, ардагер атам!

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, мінеки, 71жыл толды! Яғни, мен 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатқан, ғылым мен техниканың белең алған заманының түлегі, сіздердің қан мен теріңізді төгіп, жаныңызды қалқан етіп әперген бейбіт заманның бақытты ұрпағы атынан хат жазып отырмын. Сіздердің алдарыңызда тізе бүгіп, балалық пәк жүрегіммен амандықтарыңызды тілеймін.

Мен және достарым әр таңда күннің нұрына шомылып, ата-анамызға еркелеп, кең, дархан қазақ елінде туып, жарқын болашаққа сеніммен қарауымыз – сіздердің арқаларыңызда.

Соғыс! Сұрапыл соғыс! Қасірет! Қаншама ата-ана перзентінен, қаракөздер сүйіктісінен айырылып, бүлдіршіндер жетімдіктің азабына бесіктен белі шықпай жатып-ақ түсті.

1941 жылы жер жүзін өзіне бағындырғысы келген Германия баса көктеп кіргенде, сіздер бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, өлім мен өмірдің арасына түстіңіздер. Қардай бораған оқ, көл болып аққан қан, нөсердей құйылған бомба мен мина, аштық пен суық ызғармен арпалысып қажытса да Отанға деген махаббат, қаза тапқан жолдастарыңызға деген кек қажырландыра түсті. Отан үшін кеуделеріңізді оққа тосып, жауды туған жеріміздің маңына да жолатпадыңыздар. «Батыр майданда шынығады» демекші ауыр жарақат алып, отбасына деген сағыныш жаныңызды күйдірсе де бұл майданнан жеңіссіз шықпадыңыздар. Себебі сіздердің мақсаттарыңыз – жеңіс болды. Ел қорғауға ер намысымен аттанған ардагерлер, қасықтай қандарыңыз қалғанша күресіп, Отан алдындағы борыштарыңызды ақтадыңыздар. Егер сол соғыста жеңіске жетпесек, бәлкім, қазіргі жағдайымыз басқаша болар ма еді? Тіліміздің, мәдениетіміздің, дініміздің, өркениетіміздің сақталуы да үлкен жұмбақ болып қалар еді. Сондықтан, туған жерге деген албырт сезім қолыңызға қару, бойыңызға қуат беріп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

өзіміздің көрікті Арқамызды, сұлу Шығысымызды, қонақжай халқымызды «қорға!» деген бұйрық берді.

Жеңіс! Міне, төрт жыл бойы аңсаған армандарыңыз ақиқатқа айналды. Дүйім жұрт бейбіт өмірге қадам басып, күллі әлемде Жеңіс туы желбіреді. Ал біз болашақ ұрпақ, Жеңіс туын Еркіндік туына айналдырып, азат елде еркін өмір сүрудеміз. Халқымыз жеңіс тойын тойлауда. Қанды шайқас төрінде күрескен батырлардың жеңісі. Күш беріп мейірлене қараған күлімсіреген көздеріңіз қазақ халқын жеңіс тағдырына жеткізді, көк түтінге оранған аспанымыз ашылды.

Енді оның бәрі де өткеннің еншісінде қалды. Осы күні Ұлы Жеңіске жеткенімізге 71 жыл толыпты. Осы уақытта Қазақстан жаңа бағытқа бет бұрды. Еліміз тәуелсіз мемлекет болды. Өзінің Әнұраны, Туы, Елтаңбасына ие болды.

Мен Еуропаның жүйрік көлігіне мініп, әр күн мектепке келемін. Зәулім де, ыңғайлы үйде тұрамын. Жарық кең мектепте оқимын. Онда әрқайсысымызда жеке компьютер бар, сыныбымыз техниканың соңғы құрылғыларымен жабдықталған. Демалыста жеріміздің әсем табиғатын тамашалауға шығамын. Қазақстанның осындай жетістіктерге жетуі тек сіздер сияқты батырлардың арқасында!

Біз – батыр аталардың ұрпағы. Біз – сіздер қорғап қалған елдің болашағы. Бұл жеңістің қадірін бәріміз де біліп өсуіміз керек.

Он сегізде соғыс атты от кешкен  
Жараланып, жас денесін оқ тескен.  
Ардагер аталарым аман болшы,  
Зейнетін көр бейнетіңнің мол кешкен!

**Темірғали Айдана**

7 сынып, Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп

Кербұлақ ауданы

Жетекшісі: Арыстанова Ш.М.

### **Халқының ардақты азаматы**

Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл толады. 71 жылдан бері байтақ Отанымыздың бейбіт аспаны аясында талай ұрпақтар өсіп, ер жетті. Әрине, Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Соғыс жалыны біздің елімізге ауыр қасіретімен енді. Бірақ фашизм оты қанша жалынды болғанымен, жауынгерлердің Отанға деген сүйіспеншіліктері оттай ыстық болып, асыл азаматтарымыздың қайтпас қайсарлықтарының арқасында жау жеңіліс тапты. Ұлы Отан соғысы Ұлы Жеңіспен аяқталды. Елі, жері үшін жанын пида етіп, ерен ерлік көрсете білген ерлеріміз Егеменді ел болған Қазақстан жерінде де көптеп табылады. Солардың бірі - болмысынан әділ, шыншыл, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, жазушы Бауыржан Момышұлы. Бүгінгі жеткіншектер Б. Момышұлы жайлы сырларды қариялардың естелігінен, жазушылар шығармаларынан және де өзінің төл туындылары арқылы жақсы білеміз. Б. Момышұлы Ұлы Отан соғысы басталысымен даңқты генерал- майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар ( 8- гвардия ) дивизиясының құрамына алынып, батальон командирі болған.

И.В. Панфилов оның ерекше ержүректілігін, әскери тәжірибесін және де шыншылдық қасиетін жоғары бағалаған. Өр, өз дегенінен қайтпайтын Бауыржан Момышұлы үшін жас жауынгерлерге майдан тәртібін үйрету оңай емес еді. Бірақ жас жауынгерлерде әскери білік-дағдысы болмаған, Отанына, сүйген халқына деген сүйіспеншіліктері шексіз жатқан теңіздей еді. Олар Бауыржан Момышұлының темірдей тәртіп, қатаң талапшылдығы мен мол тәрбиесінің нәтижесінде өз Отанын қорғап, жаудың бетін қайтара білді. Ол жауынгерлеріне: " Ұрыс кезінде адамның бойында екі сезім: ел алдындағы перзенттік парыз және жеке бас амандығын сақтау түйсігі айқасады. Осыған үшінші күш тәртіптілік араласқанда, парызды ұғыну жеңіп шығады " - деп айтудан жалықпаған. Темірдей берік, қатал тәртіппен қаруланған Б. Момышұлының сарбаздары Москва түбіндегі алапат ұрыста гитлерлік қанішерлерді жер құштарғанын тарих бетінен жақсы білеміз.

Бауыржан Момышұлы ! Орыс жазушысы Александр Бектің шабытпен жазылған "Панфиловшылар алғы шепте" , " Волоколамск тас жолы" кітаптарының аты аңызға айналған жау жүрек кейіпкері. Ұлы Отан соғысының шешуші ұрыстарында ерлік пен табандылық көрсеткен жауынгерлердің шайқасы туралы жазылған бұл повесть керемет маңызға ие

болды. Жауынгерлер бұл кітаптарды жорық, демалыс кездерінде де қолдарынан түсірмей оқып, өздерін дұшпанға қарсы жігерлендірді.

Соғыстан кейін аты аңызға айналған даңқты Панфиловшы, кеңес жазушысы Б.Момышұлының қаламынан да өз туындылары туды. Оның "Артымызда Москва" , "Майдандағы кездесулер" кітаптарын біздің сыныптың оқушылары қолдан-қолға түсірмей қызыға оқиды.

Егеменді тәуелсіз елдің "Халық батыры" атағын алған Б. Момышұлы өмірде қандай биік болса, (оған бұйырылған) ол қойылған зиратта сондай биік те! Сонау Алматы қырқаларының төріндегі биік тұғырда еңгезердей қола тұлғасы көрінеді. Бұлттары бойын созған зор мүсін аспанмен тілдесіп тұрғандай. Батып бара жатқан күннің сәулесі мүсін Б.Момышұлының жүзін нұрландырып, батырдың алыс болашаққа қадалған жанарына түсіп тұр.

Бүгінгі жас ұрпақтар "Халық батыры" Б.Момышұлының ерлік істері мен есімін үнемі өзімізбен бірге жүрегімізде алып жүреміз. Қорыта келгенде, мен шығармамды мынандай өлең жолдарымен аяқтаймын.

Жаралғандай жалыннан,  
Жайсаң батыр Бауыржан.  
Естігенде есімін,  
Жау есінен жаңылған.  
Бұзып-жарып қамалды,  
Жолсыз жерден жол салды.  
Достар түгіл ерлігін,  
Қасы да естіп тамсанды.

Тулендинова Айжан

10 сынып, 24 лицей

Талдықорған қ.

Жетекшісі : Нұрғожаева Б.Д.

### Жеңіс келді, артта қалды зор қайғы

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақ ұлы майданға аттанды. Ұлы Отан соғысы адамзат үшін өте көп қасірет әкелген. Соғыс – күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жылмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлап, қазіргі таңда еліміздің мақтанышына айналған Ұлы тұлғалардың бірі. Сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла түскен соғыстың алғашқы кезінен-ақ Кеңес халқы жан-тәнімен Отанын қорғады. Кеңес азаматтары аянбай шайқасты, жеңіс жолында Отан үшін азаматтар мерт болды.

Жеңіс күнінің толғағы ащы болса да, туғаны бар жыл үшін қуанышы болған күн. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың үмітін ақтауымыз керек. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске еш нәрсемен тең келмейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – бірлік. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету жолына қазақ халқы, қазақ батырлары Брест қамалын, Берлин, Сталинград тағы да басқа шайқастарда да өзінің үлесін қосты. Солардың бірі Рахымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова. Тылда қалған қарт аналар бесіктен белі шықпаған балаларының соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, тынбай еңбек етті. Жүз мыңдаған қарт аналар, отандастырымыз соғыстың алғашқы сәтінде-ақ майданға аттанып, жеңіс туын желбіретті.

71 жыл бұрын болған, адамзаттың тарихта қалдырған ізін ұмытпау керек, ол тек соғыс пен өлім ғана емес, онымен қоса жігерліктің, адам баласының өз елі, жері, жанұясы үшін өзінің жанын оққа тіреген қазақ батырларын үлгі етуіміз керек. Елімізде бейбіт күн кешіп, тәуелсіздік туының астында өмір сүріп жатқанымыз, қазақ батырларының құрбандығы, қанмен, термен келген ұзақ әрі қиын еңбегі. Әр ұлттың майданда оққа қарсы жүгіретін ержүрек жауынгерлері мен күн мен түннің айырмашылығын ұмытып, ұйқыдан айырылып бар күшін салған майталмандарымыздың ерен еңбегі айқын көрінбек. Туған жердің бір түйір тасы жаттың ат басындай алтыннан қымбат емес пе? Әрбір жасұлан өз елінің картасына көз салып, байтақ өлкесін, туған жерін мақтан етуі тиіс.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Жеңіс келді, артта қалды зор қайғы,  
Адам асыл арманды алға жолдайды.  
Бейбіт күнін аталардың әкелген,  
Бүгін міне, ұрпақтары жолдайды.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» - дейді, дана халқымыз. Әрбір адамзат баласының өмір бойғы жиған ілім-білімі мектеп қабырғасынан бастау алады. Дулығалы ата-бабаларымыз кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан көк теңізін қорғап, мақтан еткен, бізге мұраға қалдырған. 9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерліктері ұмытылмайды. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ.